

## Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2022 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 қаулысы.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.03.2026 № 162 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2022 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.03.2026 № 162 қаулысымен.**

2. Тұжырымдаманың іске асырылуына жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

3) есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.03.2026 № 162 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын, сондай-ақ оны өзінің интернет-ресурсына (таратылуы шектелген ақпаратты қоспағанда) орналастырсын.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.03.2026 № 162 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2022 жылғы 24 қарашадағы  
№ 945 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2022 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы**

Ескерту. Тұжырымдама жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.03.2026 № 162 қаулысымен.

1-бөлім. Паспорт

Атауы	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2022 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
Әзірлеу үшін негіздеме (іске асыру үшін Тұжырымдаманы әзірлеу қамтамасыз етілетін МЖЖ-нің жоғары тұрған құжаттары көрсетіледі)	1) "Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" (Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы); 2) Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" атты Қазақстан халқына Жолдауы; 3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым" сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы; 4) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновтің 2025 жылғы 9 сәуірдегі № 16-12/1703 тапсырмасы.
Бағдарламалық құжатты әзірлеуге, сондай-ақ іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі,

	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері
Іске асыру мерзімдері	2022 – 2029 жылдар

## 2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ететін бірыңғай әлеуметтік бағдарланған құрылым болып табылады. "Қазақстан – 2050" стратегиясында ұлт денсаулығын нығайту басым міндеттердің бірі ретінде айқындалған, ал денсаулық сақтау әлеуметтік саясаттың маңызды элементі және азаматтар алдындағы мемлекеттік міндеттемелердің кепілі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары шеңберінде халық денсаулығын сақтау саласындағы орта мерзімді мақсаттарды іске асыру сырқаттанушылық профилактикасын басым дамытуды және өлімді төмендетуді, қаржыландыру жүйесін жетілдіруді, сондай-ақ медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруды көздейді.

Қазақстан 2023 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) орнықты даму мақсаттары (бұдан әрі – ОДМ) индексінде позициясын 66-орынға дейін жақсартып, өзінің ОДМ-ға бейілділігін растайды. 2025 жылы еліміз World Happiness Report рейтингінде 43-орынға ие болып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында үздік нәтижеге қол жеткізді.

### *Денсаулықтың медициналық-демографиялық көрсеткіштері*

Қазақстанда 5 жыл ішінде күтілетін өмір сүру ұзақтығы (бұдан әрі – КӨҰ) бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) орташа деңгейімен алшақтық 2020 жылғы 8,9 жастан (ЭЫДҰ – 80,3; Қазақстан Республикасы – 71,37) 2024 жылы 5,76 жасқа дейін (ЭЫДҰ – 81,2; Қазақстан Республикасы – 75,44) қысқарды. 2021 жылы коронавирус инфекциясы (бұдан әрі – КВИ) пандемиясынан КӨҰ қанайналым жүйесі мен нерв жүйесі ауруларынан өлім көрсеткіштерінің өсуі аясында 70,23 жасқа дейін төмендеді. Ерлердің өмір сүру ұзақтығының төмендеуі 2,49 жасты (2019 жылғы 68,82-ден 2021 жылы 66,33-ке дейін), әйелдерде – 3,27 жасты (77,3-тен 74,03-ке дейін) құрады. 2024 жылы Қазақстандағы КӨҰ-ні (75,44) ЭЫДҰ елдерінің ең төмен көрсеткіштері бар Латвия, Литва, Мажарстан және Словакия (74 – 75 жас) деңгейімен салыстыруға болады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша өлімнің негізгі себептері: қанайналым жүйесінің аурулары (бұдан әрі – ҚЖА) – 22,3 %, нерв жүйесі аурулары – 19,1 %, ісіктер – 10,2 %, тыныс алу ағзаларының аурулары – 10,0 %, асқорыту жүйесінің аурулары – 8,3 %, жарақаттар мен уланулар – 7,8 %:

ҚЖА-дан болатын өлім: 2020 жылы 18,8 %-ға (100 мың тұрғынға шаққанда 193,8), 2021 жылы – 17,1 %-ға (226,9) өсті, кейін 2024 жылы 138,1-ге дейін төмендеді, нерв жүйесінің аурулары – қартаю аясындағы өсумен 2024 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 126,9;

тыныс алу ағзалары ауруларынан болатын өлімнің ең көбі: 2020 жылы – КВИ-ға байланысты 100 мың тұрғынға шаққанда 122,9, 2024 жылы 66,0-ге дейін (46,3 %-ға) төмендеді, тыныс алу ағзалары ауруларынан болатын өлім құрылымында өкпенің созылмалы инфекциялық емес аурулары басым, 50 %-дан астамы өкпенің обструктивті созылмалы ауруы (бұдан әрі – ӨСОА) құрайды;

қатерлі ісіктерден (бұдан әрі – ҚІ): 100 мың тұрғынға шаққанда 74,2-ден (2020 жыл) , 65,3-ке (2024 жыл) дейін, асқорыту ауруларынан – 68,5-тен 55,2-ге дейін, жарақаттардан болатын өлім – 60,1-ден 51,8-ға дейін төмендеді.

ҚІ-мен сырқаттанушылық 5 жыл ішінде 100 мың тұрғынға шаққанда 166,0-ден 207,7-ге дейін өсті; 2024 жылы 41318 жаңа жағдай тіркелді, олардың 55 %-дан астамы – еңбекке жарамды жастағы адамдар. Өлім себептері бойынша: өкпе обыры (16,2 %), асқазан обыры (11,2 %), колоректалды обыр (10,6 %) және сүт безі обыры (8,1 %). Есепте 234 мыңнан астам адам тұр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі – ДДҰ) бағалауы бойынша онкологиялық аурулардың жаһандық ауыртпалығы қызметтер көрсетуге қажеттіліктің ұлғаюымен қатар өсуде және 2050 жылға қарай 35 млн-ға жетеді, 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда 77 %-ға өседі.

2020 – 2023 жылдар аралағында жол-көлік оқиғаларынан қаза болғандар санының өскені байқалды: егер 2020 жылы 1997 адам қаза тапса, 2021 жылы олардың саны 2270-ке дейін, 2022 жылы – 2425-ке дейін өсті, 2023 жылы – 2544 адам. 2024 жылы айтарлықтай төмендеу байқалып, қаза болғандар саны 1950 адамды құрады.

Қант диабетімен (бұдан әрі – ҚД) сырқаттанушылық 5 жыл ішінде 100 мың тұрғынға шаққанда 185,7-ден (2020 жыл) 337,0-ге дейін (2024 жыл) шамамен 1,8 есе өсті. 40 – 45 жастан асқан адамдар арасында 2-типті ҚД-ның таралуының өсуі байқалады. 2-типті ҚД асқынуларының ішінде жүрек-тамыр асқынулары өсуде, ампутациялар төмендеуде (2024 жылы үлес салмағы – 0,26 %).

2024 жылы ҚД-дан болатын өлім 100 мың тұрғынға шаққанда 22,5-ді құрады. Халықаралық диабет федерациясының бағалауы бойынша атеросклерозды генезі бар жүрек-тамыр ауруларын (65-80 %), онкологияны, инфекцияларды, бүйрек ауруларын, диабеттік команы қоса алғанда, диабет Қазақстандағы өлімнің 8-10 % жағдайларының себебі болып табылады.

Туберкулез бойынша жағдай тұрақты: 2020 – 2024 жылдар аралығында таралу 10 %-ға (100 мың тұрғынға шаққанда 49,2-ден 44,4-ке дейін), сырқаттанушылық – 7 %-ға (100 мың тұрғынға шаққанда 35,7-ден 33,3-ке дейін), өлім – 47 %-ға (1,9-дан 1,0-ге дейін) төмендеді.

Негізгі инфекциялық емес аурулардан болатын (бұдан әрі – ИЕА) мерзімнен бұрын өлім жағдайларының (жүрек-тамыр аурулары, қант диабеті, обыр немесе созылмалы респираторлық аурулардан 30 – 70 жас аралығында қайтыс болу ықтималдығы болып анықталатын) 2020 жылғы 20,5 %-дан 2024 жылы 15,9 %-ға дейін төмендегені атап өтіледі. Ерлер арасында өлім деңгейі жоғары болып қалуда (22,53 %) және әрбір дерлік үшінші ер адам 70 жасқа дейінгі жаста кенеттен қайтыс болу тәуекеліне бейім.

ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда КӨҰ-дағы 5,76 жасқа алшақтық сырқаттанушылықтың бірегей құрылымымен емес, алдын алуға болатын себептерден болатын, әсіресе еңбекке қабілетті жастағы ер адамдар арасында жоғары өлімнің болуына байланысты болып отыр. Бұл профилактика, ерте диагностика және емдеу мүмкіндіктерінің іске асырылмай отырғанын көрсетеді, бұл аталған аурулар жүктемесінің артуы жағдайында ерекше өзекті.

Қант диабетімен сырқаттанушылықтың өсу үрдісі ерекше алаңдаушылық туындатады, бұл қауіп факторларын басқару шараларының тиімділігі жеткіліксіз екенін көрсетеді.

#### *Мінез-құлықтық қауіп факторларының таралуы*

2024 жылы Қазақстанда темекі тұтынудың таралу деңгейі 20,7 %-ға дейін өсті (2023 жылы – 19,4 %): ерлер арасында – 36,0 %-дан 39,8 %-ға дейін, әйелдер арасында – 7,6 %-дан 8,5 %-ға дейін.

Балалар семіздігін эпидемиологиялық қадағалау (бұдан әрі – COSI) деректері бойынша (2020 жыл), 6-9 жас аралығындағы әрбір бесінші балада (20,6 %) артық салмақ бар, олардың 6,6 %-ы – семіздік.

2020 – 2024 жылдар аралығында семіздікке шалдығу тұрақты – 100 мың тұрғынға шаққанда тиісінше 45,5 және 45,3. 15 – 17 жастағы жасөспірімдер арасында 2020 жылғы 122,9-дан 2024 жылы 95,5-ке дейін төмендеу байқалады.

Саламатты өмір салтын ұстанатын азаматтардың үлесі 2023 жылы 34,2 %-ды құрады, оның ішінде жоғары деңгейдегі бейілділік – 7,2 % және қанағаттанарлық – 27,0 %. 2022 жылы бұл көрсеткіш 31,4 %-ды, 2021 жылы 23,2 %-ды құрады.

Тұзды тұтыну деңгейі 2024 жылдың қорытындысы бойынша орташа есеппен күніне 17 граммды құрады, бұл ДДҰ ұсынған нормадан шамамен 4 есе артық.

Психикаға белсенді әсер ететін заттардың (бұдан әрі – ПБЗ) салдарынан психикалық мінез-құлықтық бұзылушылықтармен (бұдан әрі – ПМБ) сырқаттанушылық 2024 жылы 6,8 %-ға төмендеп, 12768 адамды немесе 100 мың тұрғынға шаққанда 62,9-ды құрады (2023 жыл – 67,5, 2022 жыл – 66,1). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ПБЗ тұтыну салдарынан ПМБ бар динамикалық байқауда тұрған адамдардың саны 109748 адамды немесе 100 мың тұрғынға шаққанда 540,7-ді құрады (2023 жыл – 546,3, 2022 жыл – 569,2). Бұл ретте бауыр циррозынан болатын өлім көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 28,2-ні құрайды (асқорыту ағзалары ауруларының құрылымында 64 %). Қазақстанда 5 жыл ішінде циррозбен

ауыратын пациенттер саны 1,2 есе, бауыр обырымен – 1,3 есе, В және С созылмалы вирустық гепатиттермен – 2,5 есе өсті.

Ауыр бұзылушылықтар мен жоғары тәуелділікке алып келетін синтетикалық жаңа есірткілердің (тұздар, қоспалар, тамшы дәрілер, таблеткалар) қауіп-қатері артып келеді. Зертханалық мүмкіндіктердің жаңа қосылыстардың пайда болу қарқынынан артқа қалушылығы байқалады.

ПБЗ қолданылмайтын ПМБ-мен бастапқы сырқаттанушылық 5 жыл ішінде 1,4 есе өсті: 2020 жылғы 8516 жағдайдан (100 мың тұрғынға шаққанда 45,1) 2024 жылы 13231 жағдайға дейін (100 мың тұрғынға шаққанда 65,2).

Суицид жастар арасында өткір проблема болып қалып отыр: 2020 – 2024 жылдар аралығында деңгейі жылына шамамен 3,5 мың жағдайды, суицидтік әрекеттер саны шамамен 4,5 мың жағдайды құрайды. Негізгі үлесі – 18-64 жас аралығында (83 %), 65 жастан асқан адамдар – 11 %. Себептері: материалдық қиындықтар, тұрғын үй жағдайы, отбасындағы жанжалдар, ажырасулар, қаламаған жүктілік.

Жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығы жыныстық өмірдің ерте басталуымен сипатталады (медиандық мәні – 16,5 жас). 5 жылда 15-18 жастағы жасөспірімдер арасындағы туу көрсеткіші 23 %-ға төмендеді: 1000 қыз балаға шаққанда 5,0-тен 2,9-ға дейін, ал аборттар 30 %-ға азайды (1000 қыз балаға шаққанда 1,0-ден 0,7-ге дейін).

Темекі тұтынудың өсуі және тұзды тұтынудың сақталып отырған аса жоғары деңгейі (әлемдегі ең жоғарылардың бірі) қоғамдық денсаулық сақтау саласында қосымша шаралардың қажет екенін дәлелдейді.

Жастар арасындағы суицидтің тұрақты жоғары деңгейі әлеуметтік және экономикалық аспектілермен байланысты ведомствоаралық шешімдердің жеткіліксіздігін көрсетеді.

#### *Қоғамдық денсаулықты қалыптастыру*

Қолданыстағы шектеу шаралары: қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салу, темекі және алкоголь өнімдерін 21 жасқа дейінгі адамдарға сатуға тыйым салу, жарнама, жайма сауда, даналап сату, ескертулермен таңбалау, алкоголь өнімдерін сату уақытын шектеу, вейптерге толық тыйым салу, темекі бұйымдары мен алкоголь өнімдеріне акциз мөлшерлемелерін көтеру, 21 жасқа дейінгі адамдарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салу.

Темекіге қарсы 30 орталық және 4489 денсаулық мектебі жұмыс істейді: Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) жанында – 4215, стационарларда – 274, олар 339 мыңнан астам адамды қамтиды.

Медициналық-әлеуметтік көмекті көрсететін 103 жастар денсаулық орталығы (бұдан әрі – ЖДО) жұмыс істейді. Жыл сайын шамамен 700 мың адам жүгінеді, олардың 41,1 %-ы – 15-18 жастағы жастар. Негізгі мамандарға жүгіну: психологқа – 36,3 %, терапевтке – 18,7 %, гинекологқа – 14,4 %.

20 психикалық денсаулық орталығы, қалаларда 83 бастапқы орталық және аудандарда 207 кабинет жұмыс істейді. Суицидтік мінез-құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды анықтау және олармен одан әрі жұмыс жүргізу бойынша ведомствоаралық бірыңғай алгоритм, сондай-ақ суицид жасауға әрекет еткен балаға көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік органдардың іс-қимыл алгоритмі бекітілген.

19 өңірде 375 төсекке арналған медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелері жұмыс істейді, психикалық денсаулық орталықтары (бұдан әрі – ПДО) жанында уақытша бейімдеу мен детоксикацияның 38 орталығы жұмыс істейді.

Кейбір қауіп факторлары бойынша көрсеткіштердің нашарлауы аясында саламатты мінез-құлық нысандарын қалыптастыруға бағдарланған құрылымдардың кең желісінің болуы олардың жекелеген бағыттар бойынша жеткіліксіз тиімділігін көрсетеді.

#### *Жедел медициналық жәрдем*

Жедел медициналық жәрдем қызметі 20 станцияны, 96 қалалық қосалқы станцияны және 195 аудандық бөлімшені қамтиды. 2024 жылы шақырту орнына жетудің орташа уақыты: 1-санат бойынша – 8,7 минут, 2-санат – 12,4 минут, 3-санат – 18,6 минут, 4-санат – 25,0 минут.

4-санаттағы шақыртулар жалпы шақырту санының 39 %-ын құрады. Оларға қызмет көрсету үшін МСАК ұйымдары жанынан 647 мобильді бригада құрылды (25 мың тұрғынға 1 бригада).

2024 жылы санитариялық авиацияның 2184 рет ұшуы орындалды (2023 жылы – 2317).

4-санаттағы шақыртулардың жоғары үлесі (39 %) МСАК-пен қамтудың осал тұстарын – қолжетімділіктің жеткіліксіз болуын, профилактикамен және ауруларды басқарумен қамтудағы олқылықтарды көрсетуі мүмкін.

#### *Медициналық-санитариялық алғашқы көмек*

МСАК-пен қамтудың тұрақты өсуі байқалады: 2023 жылы – 19,8 млн адам, 2024 жылы – 20,0 млн, 2025 жылы – 20,3 млн адам. Бөлінісі: 62 % – қала, 38 % – ауыл.

2025 жылдың басындағы жағдай бойынша 677 МСАК ұйымы жұмыс істейді, оның ішінде қалада – 426 (62,92 %), ауылда – 251 (37,08 %). Жекеше ұйымдардың үлесі – 46,8 %. МСАК-тың учаскелік желісі: жалпы практика дәрігерлері (бұдан әрі – ЖПД) – 10992 (80,6 %), терапия – 868 (6,4 %), педиатрия – 1770 (13,0 %). Жасақталуы 90 %-дан асады. ЖПД учаскелеріндегі арақатынас 1 дәрігерге 2,67 орта медицина қызметкері (бұдан әрі – ОМК), ал терапия және педиатрия учаскелерінде нормадан төмен.

Созылмалы ауруларды басқару бағдарламаларымен (бұдан әрі – АББ) қамту 2024 жылы енгізілген үш нозология бойынша динамикалық байқауда тұрғандардың 4,7 %-ын құрады. Қамтудың төмен болу себептері: МСАК кадрларының тапшылығы, кадрлардың тұрақтамауы, АББ тіркелімінің медициналық ақпараттық жүйелермен (бұдан әрі – МАЖ) интеграциясының болмауы, амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуде (бұдан әрі – АДК) пациенттермен кері байланыстың әлсіздігі, пациенттер

тартылуының төмен деңгейі. ӨСОА-мен пациенттердің саны шамамен 80 мыңды құрайды, емдеуге жатқызулар – жыл сайын тұрақты түрде 27 мың. Негізгі себеп – ауыр асқынулар және тыныс алу жеткіліксіздігі, жағдайлардың басым көпшілігінде өкпені жасанды желдетуге қажеттілік шұғыл емдеуге жатқызудың негізгі себебі болып табылады.

2024 жылдан бастап МСАК-та онкологиялық немесе гематологиялық ауруға күдік туындаған жағдайда 18 жұмыс күні ішінде консультация мен зерттеп-қарауды қамтамасыз ететін "жасыл дәліз" бағдары жұмыс істейді. 2025 жылдағы жағдай бойынша пациенттерді қабылдауды, диагностикалауды, емдеу мен байқауды қамтамасыз ететін 2362 қарап-тексеру кабинеті (ерлер кабинеті – 850, әйелдер кабинеті – 1512) және 525 онкологиялық кабинет жұмыс істейді.

2024 жылы диагностикалық емшаралар оңтайландырылып, арнайы жолдама беру тәртібі қайта қаралды, ЖПД-ға қайта жүгіну қажеттігі жойылды. ЖПД-ның өз бетінше жазылуға қолжетімді графиктерінің үлесі 20 %-дан 90 %-ға дейін өсті. Емдеуге жатқызуға арналған талдаулар тізбесі қысқартылып, олардың жарамдылық мерзімі ұзартылды: 10 күннен 12 күнге, 1 айдан 3 айға дейін. ЖПД мен бейінді мамандардың бірлескен жұмысының жаңа алгоритмі әзірленді.

2024 жылы диспансерлік науқастарды динамикалық байқаумен қамту 12,7 %-ға – 2 млн адамға дейін, оларға көрсетілген қызметтер саны 10 %-ға – 12 млн-ға дейін артты. Тұрғылықты жеріне қарамастан ИЕА-ға скринингтен жыл сайын 3,4 млн ересек адам өтеді. Онкоскрининг шеңберінде 2,5 млн адам зерттеп-қараудан өтіп, 2,7 мыңнан астам науқас анықталды. Жатыр мойны обырын ерте анықтау (0 – 1-саты) үлесі 72 %-ға, сүт безі обыры бойынша – 56 %-ға жетті.

2025 жылдан бастап 50-76 жас аралығындағы ер адамдар үшін қосымша скрининг: амбулаториялық коронарография және брахиоцефалдық тамырларды ультрадыбыстық зерттеу (бұдан әрі – УДЗ) енгізілді. Анықталған аурулар емдеуге, байқауға жатады және тегін дәрілермен қамтамасыз етіледі.

Кадрлар тұрақтамауының жоғары болуы, дәрігерлердің шамадан тыс жүктемесі (2024 жылы – 21 %, жұмысты қоса атқару коэффициенті – 1,5) және мамандар тапшылығы МСАК жұмысының нәтижелеріне, әсіресе шалғай елді мекендерде қолжетімді болуына әсер етеді.

АББ-мен қамтудың төмен болуы халықтың денсаулығын басқару және профилактика бойынша МСАК-тың негізгі функциясын іске асырудағы елеулі алшақтық бар екенін көрсетеді.

МСАК көрсетудің негізгі проблемалары: қолжетімділіктің және профилактика мен ауруларды басқарумен қамтудың жеткіліксіздігі, ИЕА өсуі, әлеуметтік және экономикалық аспектілермен байланысты ведомствоаралық шешімдердің қажеттігі,

мінез-құлықтық қауіп факторларының профилактикасы бойынша ағымдағы шаралар тиімділігінің жеткіліксіздігі, кадрлармен, әсіресе шалғай елді мекендерде кадрлармен жете жасақталмау болып табылады.

*Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық, медициналық көмек*

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (бұдан әрі – МӘМС) енгізу есебінен қосымша қаржыландыру мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін едәуір арттыруға, көрсетілетін қызметтер тізбесін кеңейтуге мүмкіндік берді.

2019 – 2024 жылдар аралығында консультациялық-диагностикалық қызметтер саны шамамен 7 есе, оның ішінде: позитрондық-эмиссиялық томография – 136 %-ға, компьютерлік томография / магнитті-резонанстық томография – 600 %-ға, стоматологиялық көрсетілетін қызметтер – 184 %-ға, жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтер – 188 %-ға ұлғайды.

Қазақстан Республикасында онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспар іске асырылуда.

2024 жылы бесжылдық өмір сүру көрсеткіші 57,1 %-ды құрады. Томотерапияны, стереотаксисті, қарқынды модульді сәулелік терапияны, бейнеге бағытталған радиотерапияны қоса алғанда, алғаш рет анықталған онкологиялық аурулары бар пациенттерді сәулелік терапиямен қамту 41 %-ды (12 мың пациент) құрады.

2024 жылы жіті ми қанайналымының бұзылушылығы бар 49075 пациентке және инфаркт алған 55327 пациентке көмек көрсетілді (2023 жылы – тиісінше 45919 және 53832). ҚЖА ауруларынан болатын өлімді төмендету үшін 83 инсульт орталығы және тері арқылы коронарлық араласудың 48 орталығы жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының халқына нарколологиялық және токсикологиялық көмекті жетілдіру шараларын іске асыру жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған жол картасы іске асырылуда. Амбулаториялық көмек кеңейтілуде, ПДО саны ұлғаюда және ПБЗ тұтыну кезіндегі ПМБ бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелері ашылуда.

2024 жылы күту парағында 4117 адам болды (2020 жылы – 3408). 7 транспланттау орталығы, 40 донорлық ұйым және 5 типтеу зертханасы жұмыс істейді. 5 жыл ішінде 1005 операция жасалды, оның 92,1 %-ы – тірі кезіндегі донорлардан, 7,9 %-ы – кадаврдан алынған. Қайтыс болғаннан кейінгі донорлыққа бейілділік деңгейі төмен болып қалуда.

Жалпы алғанда, қаржыландырудың өсуі мамандандырылған көмектің қолжетімділігін арттырды, бірақ географиялық кедергілерді қоса алғанда, қажетті көрсетілетін қызметтермен уақтылы қамтуда олқылықтар сақталуда, бұл ретте қамтамасыз етілмеген қажеттіліктерді бағалау жүйелі түрде жүргізілмейді.

Медициналық көмектің деңгейлері арасындағы әлсіз интеграция, әсіресе созылмалы аурулар мен халықтың әлеуметтік осал топтары тұрғысында сабақтастықты шектейді

және ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне әсер етеді. Мамандандырылған көмек туындаған аурулар мен асқынуларды емдеуге бағдарланған.

### *Отбасын жоспарлау*

Отбасын жоспарлаудағы қанағаттанарлықсыз қажеттілік көрсеткіші 10 %-дан (2015 жыл) 18 %-ға (2024 жыл) дейін өсті.

2020 – 2024 жылдар аралығында 15-49 жастағы әйелдер арасында анемия 27,0-ден 23,7-ге дейін төмендеді (13,9 %-ға). Экстрагениталды аурулардың (бұдан әрі – ЭГА) ішінде басым болып табылатындары: анемия – 32 %, гипертензия – 29,2 %, вирустық инфекциялар – 21,6 %, несеп-жыныс инфекциясы – 16,03 %, қант диабеті – 7,23 %.

Заманауи контрацептивтік құралдардың таралу көрсеткіші 2015 жылғы 53,6 %-дан 2024 жылдың қорытындысы бойынша 43,7 %-ға дейін төмендеді. Инъекциялық контрацептивтер мен импланттар қолжетімсіз.

Контрацепциямен қамту және жүктілік алдындағы дайындық бойынша "Аналар саулығы" арнайы бағдарламасы бекітілді.

Жүктілік алдындағы дайындықпен қамту деңгейі 40 %-ды құрайды.

2025 жылдан бастап жүктілікті жоспарлайтын фертильді жастағы әйелдер МӘМС шеңберінде базалық 12 зерттеп-қараудан өтеді.

Заманауи контрацепция әдістерімен қамтудың төмендеуі, қанағаттанарлықсыз қажеттіліктің өсуі және жүктілік алдындағы дайындықпен қамтудың төмен болуы қолданыстағы шаралар нәтижелілігінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Салдарлар жоспарланбаған жүктіліктер, ана өлімі мен сырқаттанушылық тәуекелдерінің артуы есебінен денсаулық сақтау жүйесіне түсетін қосымша ауыртпалықпен айқындалады.

### *Ана денсаулығын сақтау*

2020 және 2021 жылдары ана өлімі 100 мың тірі туған балаға шаққанда 36,5-ке және 44,7-ге дейін өсті, жағдайлардың 56,4 %-ы COVID-19 және пневмониямен байланысты болды.

2024 жылы көрсеткіш 10,1-ге дейін, соның ішінде басқарылатын себептерден болатын өлім үлесі 44 %-дан 35 %-ға дейін төмендеді. Ана өлімі құрылымында 65 %-ын ЭГА, 35 %-ын жүктілік пен босану асқынулары құрайды. Жүктілікке дейінгі байқаумен қамту деңгейі 99,2 %-ды құрады. Жыл сайын орташа есеппен 600 мың жүкті әйел байқауда болады, оның ішінде 40 %-ында жоғары тәуекелі бар.

2024 жылы босандыру ұйымдарында акушер-гинекологтармен, неонатологтармен және анестезиолог-реаниматологтармен қамтамасыз етілу деңгейі 92 %-ды құрады. Босандыру ұйымдарының жарактандырылу деңгейі – 87 %.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша 20 өңірде шарананы сақтаудың 23 орталығы ашылды, 300 УДЗ маманы "FMF" (Шарана медицинасы қоры) халықаралық сертификатын алды.

13 өңірде бір күндік 15 клиника ашылды, 27 УДЗ және биохимиялық 10 талдауыш сатып алынды.

50 мың жүкті әйел 250 мың диагностикалық қызмет алды, туа біткен даму кемістіктерін (бұдан әрі – ТДК) анықтау 10 %-ға артты, 1000-нан астам жүктілік үзілді, ТДК-дан болатын нәресте өлімі 15 %-ға, мүгедектік 3 %-ға төмендеді.

2024 жылы фетальды медицина енгізілді, шаранаға аз инвазиялық 37 операция жасалды.

Ана өлімі құрылымында ЭГА-ның басым болуы (65 %) жүктілікке дейінгі профилактиканы жүргізудегі олқылықтарды және әйелдер денсаулығын жүктілікке дейін басқару қызметтерін МСАК-та интеграциялаудың жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Босандыру қызметтері қолжетімділігінің біркелкі болмауы және сапасының вариативтілігі медициналық жабдықтармен толық қамтамасыз етілмеуімен (87 %), жекелеген ұйымдардың материалдық-техникалық базасының тозуымен, сондай-ақ бейінді мамандардың – акушер-гинекологтардың, неонатологтардың және анестезиолог-реаниматологтардың тапшылығымен байланысты.

#### *Неонаталдық көмек*

Неонаталдық өлім көрсеткіші 1000 тірі туған балаға шаққанда 2020 жылғы 4,8-ден 2024 жылы 3,4-ге дейін төмендеді. Неонаталдық хирургияда төсек қорының 20 %-ға артуының арқасында жыл сайын ТБК бар 1500 жаңа туған нәрестеге операция жасалады, 40 %-ына эндовидеохирургиялық операция жасалады. Өміршеңдік көрсеткіші 88 %-дан 93 %-ға дейін артты. Туа біткен кемістіктері бар балаларға арналған ерте араласудың 17 орталығы ашылды. Молекулалық-генетикалық диагностикалау, ағзаны сақтау операциялары енгізілуде.

Тұқым қуалайтын және туа біткен кемістіктерді ерте анықтау үшін 5 түрлі скрининг өткізіледі: пренаталдық, неонаталдық (өмірінің алғашқы күндерінде гипотиреоз бен фенилкетонурияға), офтальмологиялық скрининг, шала туған нәрестелердегі ретинопатия, аудиологиялық және жаңа туған нәрестелер мен сәбилердің психофизикалық дамуының скринингі.

Жалпы алғанда, іске асырылған шаралар неонаталдық өлімді 20 %-ға төмендетуді және өңір бойынша үздік көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етті.

#### *Балалар денсаулығы*

Нәресте өлімі 1000 тірі туған балаға шаққанда 7,77-ден (2020 жыл) 6,80-ге дейін (2024 жыл) төмендеді.

Балалар өлімі шамалы төмендеді: 1000 тірі туған балаға шаққанда 9,41-ден (2020 жыл) 9,30-ға дейін (2024 жыл).

Перинаталдық көмекті өңірлендіру іске асырылды. Неонаталдық хирургия бойынша төсек қоры перинаталдық орталықтар базасында 20 %-ға ұлғайтылды, материалдық-техникалық база күшейтіліп, эндобейнехирургияны қолдануды қоса алғанда, тиімді перинаталдық технологиялар енгізілді, бұл операциядан кейін сәбилердің өміршеңдігін арттыруға және нәресте өлімін 15 %-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Халықтың өмір сүру сапасы бойынша 2024 жылғы сауалнаманың деректері бойынша: отбасылардың 0,6 %-ы баласына қажетті емдеуді немесе дәрілік заттарды төлеу мүмкіндігінің болмауы, 0,2 %-ы баласына қажет емнің немесе дәрілік заттардың тұрғылықты жері бойынша қолжетімсіз болу жағдайларын атап өтті.

2025 жылдың басындағы жағдай бойынша таргеттік терапия, интраартериялық химиотерапия және 3D-протездеу арқасында балалардағы қатерлі ісік кезінде жалпы өміршеңдік 75 %-дан асты. "Гамма-пышақ" технологиясын қолдана отырып, 26 радиохирургиялық операция жасалды.

10 жылдың ішінде шетелдік донорлардан туыстық еместерін қоса алғанда, 500-ден астам гемопоэздік дің жасушаларын транспланттау жасалды.

Осы бағыт бойынша оң серпін нәресте мен балалар өлімінің төмендеуімен, жоғары технологиялық және қымбат тұратын терапия қолжетімділігінің кеңеюімен сипатталады. Перинаталдық және балалар қызметінің тиімділігіне елде байқалып отырған босандыру ұйымдарында кадрлық қамтамасыз етілудің жеткіліксіздігі (2024 жылы акушер-гинекологтармен, неонатологтармен, анестезиолог-реаниматологтармен қамтамасыз етілу деңгейі – 92 %), педиатрлар мен балаларға арналған бейінді мамандардың бастапқы буындағы, сол сияқты көп бейінді балалар стационарларындағы тапшылығы әсер етеді. Босандыру және балалар мекемелерінің материалдық-техникалық жағдайының төмен деңгейі, олардың заманауи талаптарға сай келмеуі, медициналық жабдықтармен жеткіліксіз жарактандыру, кадрлармен жете жасақталмау сақталуда.

### *Мектеп медицинасы*

2025 жылдың басындағы жағдай бойынша елде 7 мыңнан астам мектеп жұмыс істейді, олар емханаларға бекітілген және медицина қызметкерлерімен 95 %-ға жасақталған.

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына түсу алдындағы бағдарды оңайлатқан баланың электрондық денсаулық паспорты енгізілді.

2024 жылы мектеп оқушыларының 90 %-ы профилактикалық қарап-тексеруден өтті, олардың ішінде 377 мың балада аурулар анықталды, оның 40 %-ы динамикалық байқауға алынды. Ас қорыту, көру, тыныс алу ағзаларының патологиялық, сондай-ақ стоматологиялық аурулар неғұрлым жиі анықталады.

Мектептерде 146 стоматологиялық кабинет ашылды.

Ауылдық мектептердің 17,2 %-ында медициналық пункттерде интернет қолжетімсіз. Мектептердің автоматты дефибриляторлармен жарактандырылуының төмен екендігі атап өтіледі.

2023 жылдан бастап орта білім беру ұйымдарында медициналық көмекті көрсету стандарты қолданысқа енгізілді: 700 оқушыға 1 мектеп мейіргері ставкасы нормативі,

материалдық-техникалық жарақтандыру нормативі және медициналық пункттің жұмыс графигі айқындалған. Әрбір емханада мектеп жасындағы 2000 балаға шаққанда 1 дәрігер есебінен мектеп медицинасын үйлестіретін жаңа дәрігер лауазымы енгізілді.

Осылайша, мектеп медицинасын дамыту үшін МСАК-пен, цифрлық шешімдермен және профилактикалық бағдарланумен интеграцияланған жүйелі негіз қалыптасты. Алайда мектеп жасындағы балаларды динамикалық байқау мен сауықтыруды ұйымдастырудың, медициналық құжаттаманы жүргізудің цифрлық жүйелерін енгізудің жеткіліксіз болуы және қашықтан консультация беру мүмкіндігінің шектеулі болуы сақталуда.

### *Медициналық оңалту*

Медициналық оңалтуды 838 ұйым көрсетеді (482 мемлекеттік, 316 жекеменшік, 40 ведомстволық), барлығы 12434 төсек. Оңалту 7 бейін бойынша жүргізіледі: кардиология, кардиохирургия, неврология, нейрохирургия, травматология, ортопедия және 2024 жылдан бастап – онкология.

2024 жылы алғаш рет жарақат алу салдарынан 3498 адам мүгедек деп танылған, оның ішінде жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі – ЖКО) салдарынан – 354 адам (38 бала) және өндірістік жарақаттар салдарынан – 221 адам. Барлық жарақаттардан мүгедек деп танылғандардың саны азайғанымен, ЖКО салдарынан мүгедек болғандар саны 14,6 %-ға артты (354 адам).

2022 жылдан бастап ғылыми үйлестіруші орталық болып табылатын Курортология және медициналық оңалту ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді.

Соңғы 5 жылда медициналық оңалту серпінді дамуды көрсетуде, алайда ол әлі де бөлшектенген болып қалуда: жүйелі тәсілдің болмауы және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігіндегі олқылықтар оңалту нәтижелерінің сабақтастығы мен тұрақтылығын бұзады.

### *Адамның иммун тапшылығы вирусы (бұдан әрі – АИТВ)*

АИТВ-ның таралуы шоғырланған сатыда. 2024 жылдың қорытындысы бойынша АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың (бұдан әрі – АӨА) жалпы бағаланған саны 42000 адамды құрады, АӨА 83 %-ы өздерінің АИТВ оң мәртебесін біледі (2025 жылғы бірінші жартыжылдықта 84 %). АИТВ-ны емдеуде вирусқа қарсы терапиямен (бұдан әрі – ВҚТ) қамту деңгейі 90 %-ды құрады (2025 жылғы бірінші жартыжылдықта 91 %). "Тестілеуден өтіп, емдел" қағидаты енгізілген, емделу иммундық мәртебеге қарамастан, диагноз қойылғаннан кейін бірден басталады. ВҚТ алатын пациенттердің 92 %-ы вирусологиялық супрессияға қол жеткізді.

АИТВ-ның анадан балаға берілу деңгейі 2 %-дан төмен.

АИТВ-ның қатынасуға дейінгі профилактикасы бағдарламасы іске асырылуда (2024 жылдың соңында 11781 пайдаланушы). Қатынарудан кейінгі профилактика 72 сағат ішінде жүгінген жағдайда қолжетімді.

Жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың (бұдан әрі – ЖЖБИ) симптомдары бар пациенттер үшін АИТВ-ға міндетті тестілеу қолданылады. 32 достық кабинеті арқылы ЖЖБИ-ны емдеуге қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Жалпы Қазақстанда АИТВ инфекциясы негізінен жекелеген халық топтары арасында таралған. АӨА-ге, сол сияқты ЕЖЕ-ге қатысты стигматизация медициналық көмекке жүгінуге, мәртебені ашуға және емделуге бейілділікке елеулі кедергі болуы мүмкін.

### *Туберкулез*

Соңғы 5 жылда туберкулезбен сырқаттанушылық 30 %-ға төмендеп, 2024 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 33,5-ті құрады, өлім 100 мың тұрғынға шаққанда 1 жағдайды құрады (58 %-ға төмендеді).

Туберкулезді диагностикалаудың заманауи әдістері, оның ішінде көптеген және ауқымды дәріге көнбейтін туберкулезді анықтау үшін жеделдетілген тестілер енгізілді. Жаңа препараттарды және қысқа мерзімді режимдерді қоса алғанда, емдеудің тиімді әдістері қолданылады. Емдеудің тиімділігі 80 %-ға жетті.

Жалпы туберкулезге қарсы бойынша, оның ішінде заманауи диагностикалау әдістерінің қолжетімділігі мен тиімді емдеудің есебінен оң серпін байқалады.

### *Паллиативтік көмек*

Паллиативтік көмекті 9 хоспис көрсетеді, олардың көпшілігі жөндеу жүргізілмеген және қажетті жабдықтары жоқ тозған ғимараттарда орналасқан. Дербес мекемелері жоқ өңірлерде паллиативтік көмек онкодиспансерлер мен көп бейінді ауруханалар жанындағы бөлімшелерде көрсетіледі. 2024 жылы паллиативтік көмекті үй жағдайында 197 мобильді бригада көрсетті. 2024 жылы 13979 пациентте қажеттілік болғанымен 5937 адам қамтылды (4-топтағы онкологиялық аурулары бар пациенттердің 42,5 %-ы).

Бағалау бойынша жыл сайын паллиативтік көмек 83,5-128,0 мың адамға, оның ішінде 2,5 мыңнан астам балаға қажет. Ересектер арасындағы қажеттіліктің құрылымында онкологиялық аурулар (40 %), жүрек (27 %), тыныс алу жүйесі аурулары (12 %), жарақаттар (11 %), туберкулез, АИТВ, деменция және диабет басым. Балаларда туа біткен кемістіктер мен генетикалық аурулар (42 %), жүрек патологиясы (23 %) және онкологиялық аурулар (7 %) басым.

Халықтың қартаюы мен онкологиялық аурулардың өсуі аясында паллиативтік көмекке қажеттілік сақталып отыр: көмекке мұқтаждардың тек 42,5 %-ы үй жағдайында көмек алады, ал хоспистердің инфрақұрылымы жаңғыртуды талап етеді.

### *Қылмыстық-атқару жүйесіндегі медициналық көмек*

2023 жылы қылмыстық-атқару жүйесінің 79 мекемесінде ұсталатын адамдарды медициналық қамтамасыз ету денсаулық сақтау жүйесіне берілді. Медициналық көмекті 45 дәрігерлік амбулатория, 32 медициналық пункт, 240 төсекке арналған

фтизиопульмонология бөлімшесі (Қарағанды облысы), 45 төсекке арналған психикалық денсаулық бөлімшесі және 50 төсекке арналған Балалар үйі (Алматы облысы) көрсетеді .

Келіп түскен/шығарылған кезде медициналық қарап-тексерумен, скринингтермен, байқаумен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіледі. Телеконсультациялар, телемедицина енгізілді. Стационарлық көмек проблемалары сақталуда.

*Медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету*

Медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету ішкі сараптамамен, мемлекеттік бақылаумен, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (бұдан әрі – ӘлМСҚ) сараптамасымен, тәуелсіз сараптамамен, лицензиялаумен және аккредиттеумен жүзеге асырылады.

2024 жылы халықтың медициналық көмектің сапасына жолданымдар саны 31 %-ға өсті (2023 жыл – 104175, 2024 жыл – 136571), оның ішінде жыл сайын шамамен 7000-ға жуық жолданым тіркеледі, олардың 48 %-ы сапасыз медициналық көрсетілетін қызметтерге шағымдарды құрайды.

2024 жылы халыққа сауал салу нәтижелері медициналық көмекке қажеттілігі бар халықтың 41 %-ы түрлі себептермен медициналық қызметтердің қолжетімсізділігіне тап болғанын көрсетті.

Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттанған халықтың үлесі 41,9 %-ды, көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі бойынша 47,6 %-ды құрады.

Медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарының өрескел бұзылуы бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар саны 2,3 есеге өсті және лицензиялау нормаларының бұзылу жағдайларының өсу үрдісі байқалуда.

Бұл ретте 500-ге жуық клиникалық хаттама мен 20-дан астам стандарт өзектілендіруді талап етеді.

Ұлттық аккредиттеумен медициналық ұйымдардың 45 %-ы қамтылған.

Медициналық көмек көрсету сапасын басқару бойынша жүйенің жеткіліксіз тиімділігінің себептері медициналық көмектің сапасын басқару жүйесінің фрагментациялануы, медициналық көмектің сапасын арттыру бойынша жүйелі пайымның жоқтығы болып табылады.

*Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет (бұдан әрі – СЭҚ)*

Соңғы 20 жылда Қазақстан елеулі эпидемияларға тап болды: А (H1N1) тұмауының (2009 – 2010 жылдар), COVID-19 (2020 – 2023 жылдар), Қырым-Конго геморрагиялық қызбасының, қызылшаның және сібір жарасының өршуі. Талдау 4 орнықты тәуекел трендін анықтады:

пандемия толқындарының үнемі қайталану ықтималдығы: жинақталған ден қою тетіктеріне қарамастан, инфрақұрылымның бөлшектенген және орнықтылығының

жеткіліксіз болуы сақталуда – ол ауырғандар саны күрт өскен кезде шамадан тыс жүктемеге ұшырайды;

патогендердің трансшекаралық әкелінуінің өсуі: "Батыс – Шығыс" дәлізі бойынша жолаушылар легі мен жүк тасымалдарының артуы инфекциялардың айналымын жеделдетеді және санитариялық-карантиндік пункттердегі бақылауды қиындатады;

климаттық өзгерістер (жылыну және ауа райының экстремалды құбылыстары) тасымалдаушылардың (кенелер, масалар) айналымы ареалын кеңейтіп, жаңа өршулердің пайда болу ықтималдығын күшейтуде, бұл патогендердің таралуын жылдамдатады;

вакцинацияға сенімсіздік: 2023 – 2024 жылдары қамту деңгейі 95,3 % болса да (5 млн адам, оның ішінде 1,3 млн бала), бас тарту саны 6,5 есеге артты (8383-тен 51726-ға дейін), бұл қызылшаның 57878 жағдайына және көкжөтелдің 3110 жағдайына алып келді.

2025 жылдың басындағы жағдай бойынша СЭҚ тиімділігі инфрақұрылымның жай-күйімен шектелген: ғимараттардың 40 %-ы талаптарға сәйкес келмейді, 98 %-ы моральдық және техникалық тұрғыда ескірген, ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін қолжетімділікті қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бейімделмеген.

Зертханалардың жарактандырылуы 52,8 %-ды құрады, жабдықтардың тозу деңгейі – 80 %-дан жоғары, бұл зерттеулердің сапасы мен жылдамдығын төмендетіп, персоналдың ауру жұқтыру қаупін арттырады.

Әсіресе, обаға қарсы станциялар осал болып келеді: 583 ғимараттың 385-і (66 %) бұзуды немесе күрделі жөндеуді қажет етеді, орташа пайдалану мерзімі 60 жылдан асады. Зертханалар физикалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейді.

Мамандандырылған автокөлікпен жете жасақталмау инфекция ошағына жедел баруды және оны қамту толықтығын мониторингпен қамтуды, ошақты, инфекцияның берілу факторлары мен жолдарын уақтылы анықтауды шектейді.

Реформалар кадр саясатының орнықсыздығына алып келді: мемлекеттік және жекеменшік медициналық ұйымдардың дәрігерлерімен салыстырғанда СЭҚ мамандарының жалақысындағы алшақтық 2-4 есені құрайды (СЭҚ дәрігері – 300 мың теңгеге дейін, жетекші маманы – 195,5 мың теңге, жекеменшік сектордағы СЭҚ маманы – 350-800 мың теңге), әлеуметтік пакет жоқ, кадрлардың орташа жасы 41 жасты құрайды.

Бейінді мамандардың жыл сайынғы тапшылығы 700-ден астам адамды немесе жалпы санының 16,7 %-ын құрайды, кәсіби құрамы бойынша 80 %-дан асады.

#### *Микробқа қарсы резистенттілік (бұдан әрі – МКР)*

МКР мен медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар (бұдан әрі – МКБИ) жаһандық қауіп-қатер ретінде танылды: 2021 жылы олардан 1,14 млн адам қайтыс болды, сондай-ақ тағы 4,71 млн өлімге себепші болды. МКР жаһандық топ-10 тәуекелдің қатарына кіреді, таралуы үдеп барады.

Соңғы 3 жылда E.coli және Klebsiella pneumoniae бактерияларының III буынды цефалоспориндерге төзімділігі 20 %-ға өсті. Антибиотиктерді тағайындау жағдайларының 67 %-ында негіздеме жоқ, 85 % жағдайда перооперациялық антибиотикпен профилактика жүргізу бір тәуліктен артық созылады.

2024 жылы 794 стационарда МКБИ-дің 346 жағдайы тіркелді (1000 пациентке шаққанда 0,12). МКБИ таралуы 3 %-ды, ал тәуекел бөлімшелерінде 9,1 %-ды құрады.

#### *Денсаулыққа әсер ететін өмір сүру ортасының факторлары*

2024 жылы атмосфералық ауаның 685427 зерттеуі жүргізілді, олардың 1,6 %-ы (11061) шекті рұқсат етілген концентрациядан жоғары болды (2020 жылы – 3,7 %). Жұмыс аймағы ауасының 1-2 қауіптілік сыныбына жататын бу мен газдармен ластану 1,9 есеге (2020 жылғы 1,0 %-дан, 2024 жылы 1,9 %), шаң мен аэрозольдермен – 1,3 есеге өсті (3,8 %-дан 4,8 %-ға дейін).

Вибрацияның шекті рұқсат етілген деңгейі 2,5 есеге артты (1,1 %-дан 2,8 %-ға дейін).

Кәсіптік аурулар жағдайларының саны 2 есеге (393-тен 748-ге дейін), кәсіптік уланулар – 8 есеге (6-дан 51-ге дейін) өсті.

Ауызсудың сапасы жақсаруда: 2024 жылы микробиологиялық ауытқулар – 1,75 % (2020 жылы – 3,8 %), санитариялық-химиялық ауытқулар – 4,3 % (2020 жылы – 5,8 %).

Білім беру және тәрбиелеу мекемелерінде тамақтан уланудың топтық жағдайларының өсуі байқалды (2024 жылы – 5 жағдай, 2020 жылы – 3 жағдай), бұл балалар болатын объектілерде (тамақтану, білім беру, тәрбие, сауықтыру) мемлекеттік бақылау тиімділігінің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

2024 жылы қадағалау объектілері бойынша тамақтан уланудың 18 топтық жағдайы тіркелді (2020 жылы – 11 жағдай), зардап шеккендер саны – 731 адам (2020 жылы – 242), олардың ішінде балалар – 582 (2020 жылы – 123). Жалпы уланулар санының 61 %-ы қоғамдық тамақтану орындарына, 28 %-ы білім беру объектілеріне және 11 %-ы сауда объектілеріне тиесілі.

2024 жылы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылауды күшейту жөніндегі шаралар қабылданды:

жедел ден қою шаралары енгізілді (қызметті тоқтата тұру, жұмыстан шеттету);

субъектіге бармай кәсіптік бақылаудың түрлері кеңейтілді;

шұғыл жағдайлар бойынша тергеп-тексеру енгізілді;

жосықсыз субъектілерге баса назар аудара отырып, тәуекелдерді бағалау жүйесі қайта қаралды.

#### *Денсаулық сақтау саласының кадрлық ресурстары*

Елімізде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) 8 медициналық ұйым, 7 медицина факультеті, 17 ғылыми-зерттеу институты мен ғылыми орталық, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін 94 ұйым жұмыс істейді.

Дәрігерлермен қамтамасыз етілу 40,9-дан (2020 жыл) 41,1-ге дейін (2024 жыл) өсті, ОМҚ тиісінше 98,4-тен 94,5-ке дейін төмендеді.

2024 жылы ауылдық жерлерде қамтамасыз етілу дәрігерлермен 19,3 (2020 жылы – 17,3), ОМҚ – 74,7 (2020 жылы – 70) құрады. Қала мен ауыл арасындағы теңгерімсіздік сақталуда.

2024 жылы мемлекеттік сектордағы дәрігерлердің бос лауазымдар бойынша тапшылығы 3986 штаттық бірлікті құрады, бұл 2020 жылмен (6415 бірлік) салыстырғанда 38 %-ға аз. Қалаларда тапшылық 42 %-ға (5258,75-тен 3 054 дана бірлікке дейін), ауылдық жерлерде – 19 %-ға (1155,25-тен 932 дана бірлікке дейін) азайды.

Орта медицина персоналының тапшылығы да 44 %-ға: 2020 жылғы 7605,5 штаттық бірліктен 2024 жылы 4230,75-ке дейін төмендеді.

Қазіргі кадр тапшылығы бірнеше факторларға байланысты: мемлекеттік секторда жалақының төмен болуы (дәрігерлер – 592,3 мың теңге, ОМҚ – 292,8 мың теңге), персоналдың қартаюы (орташа жасы – 43 жас), тұрақтамаудың жоғары болуы (жалпы – 8 %-дан астам, МСАК – 21 %), жүктеменің шамадан тыс көп болуы (қоса атқару коэффициенті: дәрігерлер – 1,5, ОМҚ – 1,1), көші-қон (жыл сайын 420-дан астам медицина қызметкері), орнығудағы қиындықтар (50 %-дан астамы жұмыспен өтеуден босатылады, 20 %-ы жекеменшік секторға өтеді), ауылда жұмыспен өтеуден бас тарту (жылына бітірушілердің шамамен 10 %-ы).

2024 жылғы сәуірде медицина қызметкерінің мәртебесін арттыруды, әлеуметтік пакетті кеңейтуді және кәсіптік жауапкершілікті сақтандыруды көздейтін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Ауылдық жерде аса тапшы мамандар үшін 8,5 млн теңгеден (ең төменгі 100 жалақы мөлшерінде) асатын төлемдер енгізілді.

2023 жылы "Медициналық-профилактикалық іс" бағдарламасы бойынша гигиенист-эпидемиолог дәрігерлерді даярлау қайта басталды. 2024 жылы ұзақ үзілістен кейін алғаш рет педиатр-дәрігерлер оқуын аяқтап шықты.

Резидентурада оқытуда денсаулық сақтаудың практикалық талаптарына бағдарланған құзыреттілік тәсілге көшу іске асырылды.

2 ЖЖОКБҰ-да студенттердің практикалық дайындығына арналған университеттік ауруханалар мен клиникалар бар.

2019 – 2022 жылдар аралығында бакалавриатқа, магистратураға, докторантураға және резидентураға гранттар саны артты. Стипендия мөлшері басқа бағыттарға карағанда 62 %-ға жоғары. Медициналық және фармацевтикалық ЖЖОКБҰ-ға түсу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеудің шекті балы 70-ке дейін арттырылды. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша – кемінде 100 балл.

Оқытушылар құрамының тапшылығы, медициналық кадрларды клиникалық даярлауға арналған инфрақұрылым мен жағдайлардың ("білім беру ортасының") жеткіліксіздігі, оның ішінде клиникалық базалардың тапшылығы және (немесе) оқытушылар мен білім алушылардың клиникалық практикаға қолжетімділігінің жеткіліксіздігі, цифрландыруға, ғылыми-зерттеу, және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) және фармацевтикалық индустрияға қажетті медицина, АТ және биотехнологиялар тоғысындағы мамандардың өткір тапшылығы сақталуда, сондай-ақ пациенттер мен олардың айналасындағы адамдар тарапынан медицина қызметкерлеріне қатысты физикалық және психологиялық агрессия жағдайларының артуы байқалады, бұл қауіпсіздікке, ынталандыруға және денсаулық сақтау жүйесінің орнықтылығына кері әсерін тигізуде.

### *Мейіргерлік қызметтің жаңа моделі*

Мейіргердің дәрігермен тең құқылы серіктес ретіндегі рөлі күшейтілді: ол мейіргерлік процесті жоспарлайды және құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдайды. Дәрігерлік функциялардың бір бөлігін беру есебінен мейіргер функцияларын кеңейту жоспарлануда.

Мейіргерлерді даярлаудың жаңа жүйесі және мейіргерлік қызметті басқару моделі әзірленді. Кіші мейіргерден бастап PhD-ге дейін көп деңгейлі даярлау енгізілді. Қолданбалы және академиялық бакалавриат, магистратура (соның ішінде қос дипломды қазақ-фин магистратурасы) және PhD бойынша интеграцияланған бағдарламалар, жұмыс істейтін мамандарға арналған жеделдетілген бағдарламалар іске асырылуда.

Сертификаттық курстар, біліктілікті арттыру және формальды емес білім беру бағдарламалары (жаңа кәсіптік стандарттар мен салалық біліктілік шеңберін ескере отырып) енгізілді. Барлығы 90 біліктілікті арттыру бағдарламасы әзірленді.

2022 жылы оқытудың кредиттік-модульдік технологиясы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бекітілді. "Кеңейтілген практика мейіргері", "директордың мейіргер ісі жөніндегі орынбасары" лауазымдары, сондай-ақ "мейіргерлік диагноз", "мейіргерлік араласу", "мейіргерлік күтім нәтижесі" және "мейіргерлік құжаттама" ұғымдары заңнамалық деңгейде енгізілді. Ұйымдастырушылық құрылым жаңартылды, штат кестесіне өзгерістер енгізіліп, клиникалық нұсқаулықтар, операциялық емшаралар стандарттары және құжаттама нысандары әзірленді. 2024 жылы "Мейіргерлік іс" мамандығы бойынша қолданбалы бакалаврларды бітірушілер саны 13705 адамды құрады.

Мейіргерлік іс қызметінің негізгі проблемалары – мейіргерлердің өткір тапшылығы (мейіргер кадрларын көптеп даярлауға қарамастан), жұмыс берушілердің кадрларды даярлау сапасына қанағаттанушылығының төмен болуы, тәлімгерлік институтын енгізу мен дамытуды бақылау жүйесінің болмауы, оқытуды қаржыландырудың жеткіліксіздігі, медициналық колледж бітірушілерінің практикалық даярлығының жеткіліксіздігі,

жеке клиникалық базалардың жоқтығы, дербес мейіргерлік практика деңгейінің төмендігі (қолданбалы бакалаврларды көптеп даярлауға қарамастан, мейіргерлер негізінен ассистент ретінде жұмыс істейді), үздіксіз кәсіби дамудың және мейіргерлердің ғылыми белсенділігінің жеткіліксіз тиімділігі, мейіргерлердің кәсіпаралық командалардағы рөлінің әлсіздігі.

### *Медицина және фармацевтика ғылымы*

Денсаулық сақтау жүйесіндегі ғылыми қызметтің инфрақұрылымы 8 медициналық ЖЖОКБҰ-дан, 21 ғылыми ұйымнан және 3 ұжымдық пайдаланудағы зертханадан тұрады.

2021 жылдан бастап С. Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамыту ғылыми орталығы (бұдан әрі – ҰДСДҒО) "Денсаулық сақтау 4.0" технологиялық құзыреттерінің салалық орталығының озық медициналық технологияларын енгізуге және жергілікті орналастыруға бағытталған функцияларын орындайды. 2022 жылы ҰДСДҒО базасында халықаралық және жергілікті клиникалық зерттеулерге қолдау көрсету және дәлелдер іздеу әдіснамаларын дамыту үшін клиникалық зерттеулерді дамыту орталығы құрылды.

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті базасында зерттеулер нәтижелерін қолдау мен ілгерілетуге арналған ғылыми-технологиялық парк жұмыс істейді.

Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметтің кадрлық әлеуеті 12080 бірлік штаттық ғылыми қызметкерді, профессорлар-оқытушылар құрамын, ғылыми ұйымдар мен университеттік клиникалардың клиникалық персоналын құрайды. Ғылыми дәрежесі бар кадрлардың үлесі 25 %-ды, оның ішінде медициналық ЖЖОКБҰ-да – 48,3 %-ды, ғылыми ұйымдарда – 20 %-ды құрайды.

2024 жылы медициналық ғылымды қаржыландыру 14,4 млрд теңгеден асты, оның ішінде республикалық бюджеттен – 11 млрд теңге, шетелдік грант берушілерден – 575,5 млн теңге.

2024 жылы 49 нысаналы-бағдарламалық, 173 гранттық жоба, жергілікті ұйымдар тарапынан 88 жоба және шетелдік грант берушілерден 36 жоба іске асырылды. Бұл ретте денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулерге жұмсалатын шығыстар 2024 жылы жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) 0,008 %-ын құрады (АҚШ-та мемлекеттік шығыстар – ЖІӨ-нің 0,2 %-ы, жеке сектор – 0,3 %-ға дейін; Еуропа елдерінде – тиісінше 0,05 % және 0,1 %).

2024 жылы медициналық білім беру және ғылыми ұйымдардың жалпы бюджетінде ғылым және инновациялық қызметтен түскен кірістердің үлесі 11,89 %-ды құрады.

2024 жылы клиникалық зерттеулердің саны халықтың әрбір 1 млн тұрғынына шаққанда 0,3-ті құрады (АҚШ – 10,9, Франция – 8,3, Қытай – 1,8, Ресей – 0,34).

Scopus-та халықаралық рецензияланатын басылымдарда қазақстандық ғалымдардың медицина бойынша жарияланымдары 2020 жылғы 616-дан (әлемде 85-

орын) 2024 жылы 1189-ға дейін (75-орын), ал олардан дәйексөз алу саны 2020 жылғы 616-дан (84-орын) 2024 жылы 1189-ға дейін (72-орын) өсті.

2024 жылы ғылыми ақпараттық алаң қалыптастыру үшін биомедициналық зерттеулер бойынша ұлттық ақпараттық жүйені әзірлеу басталды.

17 этикалық комиссияны сертификаттау және қайта сертификаттау жұмыстары жүргізілуде.

Медициналық және фармацевтикалық ғылымның дамуын тежейтін негізгі проблемаларға ғылыми зерттеулерді қаржыландыру деңгейінің төмендігі, жоғары сапалы ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, жарияланымдық белсенділіктің және жарияланымдарға сұраныстың төмен болуы, жекелеген ғылыми бағыттар (стоматология, мейіргер ісі және т.б.) бойынша зерттеулердің төмен деңгейі және (немесе) болмауы, халықаралық клиникалық зерттеулердің демеушілері үшін елдің тартымсыздығы, оның ішінде салықтық және әкімшілік ынталандырудың болмауы, медициналық ЖЖОКБҰ оқытушы-профессорлар құрамының және ғылыми ұйымдар персоналының зерттеу жобаларына төмен деңгейде тартылуы, "білімдарлардың кетуі", медициналық ғылым саласының жас мамандармен жеткіліксіз толықтырылуы, ғылымдағы орнықты кадрлық траекториялардың болмауы, ғылыми жобаларға халықаралық деңгейде қатысудың әлсіздігі, зерттеу нәтижелерін патенттеудің және технологиялар трансферті жүйесінің төмен деңгейі, ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерцияландырудың төмен болуы, инфрақұрылымды және кадрларды қоса алғанда, трансляциялық зерттеулерді жүйелі қолдаудың болмауы, клиникалық хаттамаларды, стандарттарды және денсаулық сақтау саласындағы саясатты әзірлеу кезінде ғылыми деректерді пайдалану мәдениетінің төмендігі болып табылады.

#### *Дәрілік қамтамасыз ету*

Дәрілік қамтамасыз ету стационарлық емдеуге арналған және амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде негізінен дәрілік заттарды бірыңғай дистрибьютордың орталықтандырылған сатып алуы арқылы жүзеге асырылады.

2024 жылы сатып алынған барлық дәрілік заттар (бұдан әрі – ДЗ) мен медициналық бұйымдар (бұдан әрі – МБ) көлеміндегі отандық өнімнің үлесі 30 %-ды құрады.

2024 жылы 34 қазақстандық өндірушімен 2487 атауға (509 ДЗ және 1978 МБ) арналған 90 ұзақмерзімді шарт қолданыста болды.

ДЗ және МБ-ның 84,9 %-ы шетелден – негізінен Германиядан, Қытайдан, Бельгиядан, Швейцариядан, Франциядан, Ирландиядан, Италиядан, АҚШ пен Үндістаннан жеткізіледі.

Барлық ДЗ бағасын реттеу және тегін препараттарды беруді электрондық есепке алу енгізілген.

АДҚ дәріханалық ұйымдар арқылы, ал шалғай аудандарда – МСАК арқылы, 974 дәріханалық және 11 жылжымалы дәріханалық пункт арқылы жүзеге асырылады.

Нақты уақытта рецептілердің жазып берілуі мен мемлекет кепілдік берген препараттарды алуды қадағалауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйе енгізіле бастады.

Стационарлық деңгейде кезең-кезеңімен клиникалық фармакология және госпитальдық фармация бөлімшелері енгізілуде. 2024 жылы 78 госпитальдық фармация бөлімшелері ашылды.

#### *Фармацевтикалық өнімдердің өндірісі*

Соңғы 4 жылда негізгі фармацевтикалық өнімдер өндірісіне тікелей инвестициялар 1,3 есе ұлғайды: 69,7 млн АҚШ долларынан (2020 жыл) 91,3 млн АҚШ долларына дейін (2024 жыл).

Фармацевтикалық өнім өндірісінің көлемі 141,9 млрд теңгеден (2020 жыл) 171,6 млрд теңгеге дейін (2024 жыл) ұлғайып, 20,9 %-ды құрады.

2024 жылы нарықтағы отандық өндірістің үлесі 15,1 %-ды құрады және негізінен генериктермен ұсынылған.

Елде 6991 ДЗ атауы тіркелген, оның ішінде отандық – 15,3 % (1068), шетелдік – 84,7 % (5923); 13274 МБ атауы тіркелген, оның ішінде отандық – 15,4 % (2051), шетелдік – 84,6 % (11223).

Фармацевтикалық өнеркәсіпті қолдау және дамыту жөніндегі негізгі шаралар: заңнаманы ырықтандыру, ДЗ мен МБ-ның ЕАЭО шеңберіндегі айналысы, мемлекеттік қолдау, ҒЗТКЖ-ны ынталандыру, инвестициялар тарту, кадрмен қамтамасыз ету, таңбалау, қадағалау және отандық өндірушілердің қуаттарын кеңейту.

2021 жылы құрылған "QazBioPharm" ұлттық холдингі биофармацевтикалық нарық инфрақұрылымын дамыту және жетілдіру саласында жұмыс істейтін 8 ұйымды біріктіреді.

Инвестицияларды тарту, технологиялар трансферті, ДЗ мен МБ келісімшарттық өндіру бойынша жергілікті орналастыру мен бірегей препараттар шығаруға басымдық бере отырып, Big Pharma компаниясын қоса алғанда, шетелдік фармацевтикалық компаниялармен ынтымақтастық дамып келеді.

"Жалған өндірушілер" қызметінің жолын кесу мақсатында қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін толықтыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Халықты дәрілік қамтамасыз етудің негізгі проблемалары: жоспарлау мен сатып алуды автоматтандырудың, сондай-ақ ДЗ мен МБ цифрлық есепке алудың төмен деңгейі, қазақстандық фармацевтикалық өнеркәсіптің инвестициялық тартымдылығының төмендігі, өндірісті жергілікті орналастырудың жеткіліксіздігі, клиникалық және клиникаға дейінгі зерттеулерді жүргізу үшін зертханалардың жеткіліксіздігі, экономиканың аралас салаларын дамытуға байланысты ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі.

#### *Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру*

Бірыңғай цифрлық инфрақұрылымды құру жұмыстары жалғасуда.

Денсаулық сақтау министрлігінің 18 мемлекеттік ақпараттық жүйесі, сондай-ақ нарықта 20-дан астам медициналық ақпараттық жүйе жұмыс істейді.

Электрондық жүйемен 422 мың медицина қызметкері мен 20 миллионнан астам азамат қамтылған. Жыл сайын бұл жүйелер 2 мыңға жуық ұйымнан түсетін 400 миллионнан астам медициналық көрсетілетін қызмет бойынша деректерді өңдейді.

2024 жылы елдегі медициналық ұйымдар қашықтан 3,2 миллион медициналық қызмет, оның ішінде ауыл тұрғындарына 1,5 миллион қызмет көрсетті.

"Әлеуметтік әмиян" сервисі арқылы пациенттер QR-кодты пайдалана отырып, 7,1 миллион дәрілік зат алды. Қазіргі уақытта бұл жоба барлық мемлекеттік медициналық ұйымдарға кеңінен таратылған.

Медициналық анықтамалардың 8 түрі қағаз тасығыштан электрондық форматқа ауыстырылуда, оның ішінде медициналық кітапшалар мен еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары бар.

Шалғай ауылдық жерлердегі медициналық ұйымдарда цифрлық сервистер қолжетімділігінің жеткіліксіз болуы, ақпараттық жүйелерді интеграциялау деңгейінің төмендігі, медицина персоналы цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі, телемедицина мен қашықтан медициналық көрсетілетін қызмет көрсетудің баяу дамуы, жасанды интеллект пен болжамды талдамалы қолданудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ пациенттердің цифрлық тұрғыда тартылуының төмен деңгейде болуы сақталып отыр.

#### *Медициналық көмекті қаржыландыру жүйесі*

2024 жылдың қорытындысы бойынша денсаулық сақтауға жұмсалған шығыстардың үлесі ЖІӨ-нің 4,7 %-ын құрады. "Қалта шығыстарының" үлесі ағымдағы шығыстардың 26,8 %-ын (2019 жылы – 33,8 %) құрады. Ел халқының барлығы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен (бұдан әрі – ТМККК) қамтылған, ал 86,7 %-ы (2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 17,5 млн адам) МӘМС жүйесімен қамтылған, 3,7 млн-нан астам адам қамтылмаған. Екі схема шеңберіндегі медициналық көрсетілетін қызметтердің негізгі әкімшісі – 20 өңірлік филиалы бар Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

2024 жылы қаржыландыру көлемі: ТМККК – 1620 млрд теңгені, МӘМС – 1228 млрд теңгені құрады. 5 жыл ішінде қаржыландыру көлемі номиналды мәнде 2,9 есе артты.

МСАК көрсетуге 578,5 млрд теңге бағытталды. Стационарды алмастыратын жағдайларда 774 мың жағдай бойынша мамандандырылған медициналық көмек көрсетіліп, оған 81,7 млрд теңге жұмсалды. Жоғары технологиялық медициналық көмек 21,6 мыңнан астам пациентке 90,2 млрд теңге сомасында ұсынылды.

Медициналық оңалту көлемі 76,5 млрд теңге сомасына шамамен 9,4 млн көрсетілген қызметті құрады. Тәулік бойғы стационарда 422,6 мыңнан астам пациент емделді (240 млрд теңге), күндізгі стационарда – 861,9 мың жағдай (87,5 млрд теңге).

Азаматтар мен жұмыс берушілердің МӘМС жарналары "Е-Сақтандыру" жүйесінде есепке алынады. 2024 жылы МӘМС жүйесіне 1253,2 млрд теңге түсті: 23,1 % (289,3 млрд теңге) – жеңілдіктер алатындар үшін мемлекет жарналары, 42,3 % (529,9 млрд теңге) – жұмыс берушілердің аударымдары, 27,7 % (346,7 млрд теңге) – жұмыскерлердің жарналары, 6,7 % (84,0 млрд теңге) – жеке кәсіпкерлер, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт және басқалар.

Медициналық көмекті қаржыландыру жүйесінің негізгі проблемалары денсаулық сақтау жүйесінің жеткіліксіз қаржыландырылуы, денсаулық сақтауға арналған жеке шығыстардың жоғары деңгейі, бизнес-процестерді цифрландырудың жеткіліксіз деңгейі, халықтың МӘМС жүйесімен толық қамтылмауы және халықтың сақтандырылмаған бөлігі үшін медициналық көрсетілетін қызметтердің қолжетімсіздігі болып табылады.

ӘлМСҚ қаржыландыру жүйесінде жымқыру мен қосып жазулар және медициналық көрсетілетін қызметтер туралы деректерді бұрмалау сияқты бұзушылықтар анықталды.

### **3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу**

Дүние жүзінде денсаулық сақтау жүйелері ДДҰ, ЭЫДҰ, Дүниежүзілік банк және басқа беделді халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын басшылыққа алып, халық денсаулығын жақсартуға ұмтылады.

Бүгінгі таңда инфекциялық емес аурулар (бұдан әрі – ИЕА) денсаулық сақтау жүйелеріне және мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі ауыртпалық түсіріп, бүкіл әлем бойынша өлім мен мүгедектіктің негізгі себебі болып табылады.

ДДҰ-ның ИЕА-ның профилактикасы және олармен күрес жөніндегі жаһандық іс-қимыл жоспары (бұдан әрі – ИЕА жөніндегі жаһандық жоспар) және ЭЫДҰ-ның қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы озық практикалар жөніндегі нұсқауы сияқты жаһандық стратегиялық құжаттар негізгі ИЕА топтары (жүрек-тамыр аурулары, обыр, диабет және созылмалы респираторлық аурулар) мен негізгі тәуекел факторлары (темекі тұтыну, алкогольді шамадан тыс тұтыну, жеткіліксіз дене белсенділігі және ұтымсыз тамақтану) бойынша халықаралық консенсустың бар екенін көрсетеді.

Озық елдердің тәжірибесі ИЕА-мен нәтижелі күрес мультисекторалды тәсілді, халықты белсенді тартуды және профилактиканың, диагностикалау мен емдеудің инновациялық әдістерін енгізуді талап ететінін көрсетеді. Халықаралық практика фрагменттелген ақпарат беруден күнделікті өмір мен қоғамдық ортаның ажырамас бөлігі ретінде денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған кешенді бағдарламаларға көшіп жатыр. Ұлыбританияда "Change4Life" бастамасы және оның "Be Food Smart" науқаны балалар мен олардың отбасылары арасында саламатты өмір салтын ілгерілетуге бағытталған. Бұл бастама қантты тұтынуды азайтуға, тағам өнімдерінің құрамы туралы хабардар болуды арттыруға, тұрақты тамақтану әдеттерін

қалыптастыруға және дене белсенділігін қолдауға бағытталған. Финляндияның "Neuvokas perhe" (даналы отбасы) бағдарламасы өмір салты, ата-аналар мен балаларды тамақтану, дене белсенділігі, ұйқы, демалыс, эмоциялық әл-ауқат және отбасылық қарым-қатынас салаларында саламатты әдеттерді қалыптастыруда қолдау мәселелерін қамтиды. Сингапурда сусындарға арналған "Nutri-Grade" тағамдық құндылығын міндетті таңбалау, трансмайларға тыйым салу, балаларға арналған қантты сусындардың жарнамасын шектеу және "Мектептерде саламатты тамақтану" бағдарламасы енгізілді. Гонконгтың "2025 жылға қарай жол" стратегиясы денсаулық мәселелері бойынша сауаттылықты арттыруды, салауатты таңдау мүмкіндігін кеңейтуді және денсаулыққа қолайлы ортаны құруды қамтиды. Бастамалар беделді және қабылдауға ыңғайлы ақпаратты, практикалық кеңестерді, материалдарды, онлайн ресурстар мен құралдарды қамтиды.

ИЕА профилактикасын жыныстық және репродуктивтік денсаулық (бұдан әрі – ЖРД), АИТВ/ЖИТС және ана мен баланы қорғау, әсіресе жастарға арналған бағдарламаларға интеграциялау практикасының кеңеюі байқалады. Үндістанда жасөспірімдерге арналған "Rashtriya Kishor Swasthya Karyakram" бағдарламасы ЖРД қызметтерімен қатар тамақтану және психикалық денсаулық бойынша скринингтер мен ақпаратты қамтиды. Молдованың ЖДО ЖРД қызметтерін психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдану, тамақтану және психикалық денсаулық мәселелері бойынша консультациялармен қатар көрсетеді. Әйелдердің денсаулығын сақтау жөніндегі жаһандық және ұлттық стратегиялар (Канада, Аустралия, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия, Солтүстік Еуропа елдері, Нидерланды) репродуктивтік денсаулық, ИЕА және өмір салты мәселелері бойынша ағартудың өзара байланысын ескереді. Заманауи практика арнайы мамандандырылған бағдарламалардан холистикалық тәсілге көшуді көрсетеді. Бұл қолданыстағы қызмет көрсету бағдарларының шеңберінде халықтың нысаналы топтарын (мысалы, жасөспірімдер, әйелдер) тиімді қамтуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, денсаулық мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасы қарапайым ақпарат беруден денсаулық мәдениетін кешенді қалыптастыруға және практикалық дағдылар мен құралдарды ұсыну арқылы, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесінің өзін түсінікті әрі қолжетімді ететін жүйелік өзгерістер енгізу арқылы адамның салауатты мүмкіндіктерін кеңейтуге қарай эволюцияланды.

Халықаралық практикада қолданылатын заманауи перинаталдық технологиялар ана мен бала үшін қолайлы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған инновациялардың кең спектрін қамтиды. Олардың қатарына фетальды мониторингтің озық әдістері (мысалы, компьютерлік талдауы бар кардиотокография, доплерометрия), шарананың хромосомалық ауытқуларын инвазиялық емес пренаталдық диагностикалау, босану кезіндегі ауырсынуды басудың заманауи әдістері, шала туған нәрестелерді күтіп-бағу технологиялары (заманауи сервобақылауы бар инкубаторлар, өкпені жасанды желдетудің жұмсақ режимдері, сурфактантты терапияны ерте енгізу), сондай-ақ шұғыл

акушерлік жағдайларда медицина қызметкерлерін үйретуге арналған симуляциялық технологияларды пайдалану жатады. Тиісінше босандыру ұйымдарының инфрақұрылымын жақсарту тек ғимараттарды салу мен жөндеуді ғана емес, оларды заманауи диагностикалық және емдеу жабдықтарымен жарақтандыруды, ана мен баланың ауруханада болуына қолайлы және қауіпсіз жағдайларды (мысалы жеке босану залдары, бірге болу палаталары), сондай-ақ инфекциялық бақылау мен медициналық көмектің сапасын басқарудың қатаң жүйелерін енгізуді де көздейді.

Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету, әсіресе инфекциялық аурулардың өршуінің алдын алу және оған ден қою жағдайында қоғамдық денсаулықтың негізі болып табылады. Цифрландыру эпидемиологиялық қадағалауды түбегейлі трансформациялайды, деректерді нақты уақыт режимінде жинауға, неғұрлым дәл талдау жүргізуге және қауіп-қатерлерге жылдам ден қоюды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл процесте бірыңғай тәсілдерді айқындайтын жаһандық бастамалар негізгі рөл атқарады. ДДҰ-ның "Ауруларды интеграцияланған эпидемиологиялық қадағалау және оған ден қою" (бұдан әрі – IDSR) негіздемелік бағдарламасы эпидемиологиялық қадағалау стратегиясы мен мақсаттарын айқындайды, ал ДДҰ-ның SMART Guidelines нұсқаулық қағидаттары оны дұрыс цифрлық іске асыруға арналған техникалық стандартты ұсынады. Өз кезегінде Америка Құрама Штаттарының ауруларды бақылау және профилактика орталығының деректерді жаңғырту бастамасы стандарттауға, интероперабельділікке және нақты уақыттағы деректер легіне басымдық бере отырып, ұлттық деңгейде осы қағидаттарды практикалық іске асырудың үлгісі болып табылады. Сонымен қатар IDSR шеңберінде ауру жағдайларына электрондық эпидемиологиялық қадағалау жүйесі өрістетілген Сьерра-Леоне де үлгі болып табылады.

Фармацевтикалық өндірісті дамыту және дәрілік заттардың қолжетімділігі – орнықты денсаулық сақтау жүйесінің негізгі міндеттері. Үндістан мен Бразилия тәжірибесі жергілікті фармацевтикалық өндірісті ынталандырудың алуан түрлі, бірақ тиімді тәсілдерін көрсетеді. Үндістанда жаңа ("greenfield") фармацевтикалық жобалар үшін автоматты бағдар бойынша 100 % тікелей шетелдік инвестицияларға (бұдан әрі – ТШИ), ал қолданыстағы ("brownfield") жобалар үшін автоматты түрде 74 %-ға дейін ТШИ-ге рұқсат етіледі. Бразилия өнімділікті дамыту үшін әріптестікке негізделген модельді қолданады. Ұлттық денсаулық сақтау жүйесі үшін жекеше (соның ішінде халықаралық) компанияларға стратегиялық маңызды дәрілік заттарды жеткізуге арналған ұзақмерзімді келісімшарттарға кепілдік бере отырып, ең ірі сатып алушы болып табылатын мемлекет негізгі құрал ретінде әрекет етеді. Басты шарттар – өндіріс технологиясын жергілікті мемлекеттік зертханаларға беру, яғни жергілікті орналастыру мен технологиялар трансфертін ынталандыру.

Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастық түрлі нысанда жүзеге асырылуы мүмкін, оған препараттарды өндіруге арналған лицензиялық

келісімдер, бірлескен кәсіпорындар құру, жаһандық компаниялар үшін жергілікті қуаттарда өнімдерді шарттық негізде өндіру, отандық ғылыми-зерттеу орталықтары мен клиникалардың халықаралық клиникалық зерттеулерге қатысуы, сондай-ақ технологиялар трансферті мен персоналды оқыту кіреді. Халықаралық практикадағы ортақ тәсілдер ұлттық стратегияға ұзақмерзімді адалдықты, айқын мақсаттар мен қолдау тетіктерін, өндірісті жергілікті орналастыруға, технологиялар трансфертіне және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қаржылық және қаржылық емес ынталандырулар беруді қамтиды.

Денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйелерінің денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға ортақ қамтуға қол жеткізудегі жетістіктер басым қаржыландыру көзімен емес, қаржы легін басқарудың пәрменді әрі тиімді тетіктерінің, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың стратегиялық тәсілдерінің және медициналық көмектің нақты айқындалған пакеттерінің болуымен айқындалады. Тиісінше Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының стратегиялық сатып алушы ретіндегі рөлін және әлеуметтік жауапкершілігін күшейтуге және қаражатты тиімді басқаруды қамтамасыз етуге басымдық бере отырып, күш-жігер әртүрлі жүйелердің ең тиімді элементтерін бейімдеуге бағытталуы тиіс.

Халықаралық тәжірибе медициналық көмектің жоғары сапасына қол жеткізу үшін медициналық кадрларды даярлау мен оларды үздіксіз дамыту, мәртебесін арттыру, сондай-ақ процестерді оңтайландыру және емдеу нәтижелерін жақсарту үшін цифрлық технологияларды белсенді енгізу бойынша кешенді күш-жігер талап етілетінін дәлелдейді. Медициналық көмектің сапасы қауіпсіздікті, тиімділікті, уақтылылықты, пациентке бағдарлануды, әділеттікті және медициналық көмектің нәтижелілігін қамтитын көпқырлы ұғым.

ДДҰ-ның "Денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстары: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегия" жаһандық стратегиясы орынды инвестициялар мен тиімді саясатты іске асыру арқылы денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарының қолжетімділігін, қабылдануын, қамтылуын және сапасын жақсартуға бағытталған. Мұндағы ең маңызды құрал медицина қызметкерлерінің тізілімдерін (бұдан әрі – МҚТ) және денсаулық сақтау кадрлық ресурстарының ұлттық шоттарын қоса алғанда, денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарының ұлттық ақпараттық жүйелері болып табылады, олар нақты есепке алуды қамтамасыз етеді және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін дәлелді базаны қалыптастырады. ДДҰ денсаулық сақтау жүйелерін нығайту үшін МҚТ құруды ұсынады.

ЭЫДҰ-ның көптеген мемлекеттері, соның ішінде Канада, Швеция, Ұлыбритания, Аустралия және Нидерланды орнықтылыққа, цифрлық трансформацияға және кәсіпаралық өзара іс-қимылға бағдарланған көпдеңгейлі кадрлық басқару модельдерін енгізді. Цифрлық құралдар мен болжамдық талдауды (мысалы, Канададағы Workforce Projection Models және ДДҰ-ның Health Workforce Estimator) пайдалану мамандар

тапшылығын уақтылы болжауға және білім беру квоталарын бейімдеуге мүмкіндік береді.

Халықаралық практикада медицинадағы дәстүрлі, пәндік бағдарланған оқу бағдарламаларынан интеграцияланған модельдер мен құзыреттілікке бағдарланған медициналық білім беруге айтарлықтай ілгерілеу байқалады. Мақсаты білімді сақтауды жақсарту, клиникалық дағдыларды және нақты жағдайларда білімді қолдану қабілетін дамыту болып табылады. Реформаларды құрылымдауға Харденнің "Интеграциялық баспалдағы" моделі, Фогартидің интеграция модельдері, CanMEDS құзыреттіліктер шеңбері және WONCA/WFME үздіксіз кәсіби даму (бұдан әрі – ҮКД) бойынша жаһандық стандарттар сияқты әртүрлі тұжырымдамалық негіздер қолданылады. Канадада МакМастер университеті проблемаға бағдарланған оқытудың және интеграцияланған бағдарламалардың бастаушысы болды. Канаданың Корольдік дәрігерлер мен хирургтар колледжі "Клиницист-педагог дипломын" енгізді. Нидерландыда Лейден медицина мектебі ғылыми дайындықты және "нақты пациенттермен" практикалық сабақтарды интеграциялады. Аустралия да құзыреттілік модельдеріне белсенді көшуде. Кадрлар тапшылығы мен теңгерімсіздігі проблемаларын, әсіресе ауылдық және шалғай аудандарда шешу үшін мемлекеттер әртүрлі қаржылық (жоғарылатылған жалақы, үстемеақылар, тұрғын үй, кредиттерді өтеу, жұмыспен өтелетін стипендиялар) және қаржылық емес (мансаптық өсу, ҮКД, еңбек жағдайларын жақсарту, көтермелеу) ынталандыру шараларын қолданады.

Ұлыбританияда (Health Education England арқылы), Аустралияда және Ирландияда цифрлық форматта қолжетімді және жеке даму траекторияларына байланыстырылған үздіксіз білім берудің ұлттық платформалары енгізілген. Медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көптеген мемлекеттер денсаулық сақтау саласындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жүйелі тәсілдерді енгізуде. АҚШ-та, Канадада, Аустралияда, Ұлыбританияда және Еуропалық одақ елдерінде персоналды физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған ұлттық стратегиялар мен заңдар бар. Мысалы, Ұлыбританияда оқыс оқиғаларды мониторингтеуді, персоналды қақтығыстарды бәсеңдету әдістеріне міндетті оқытуды, сондай-ақ құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықты қамтитын Ұлттық денсаулық сақтау қызметінің зорлық-зомбылықтың алдын алу және азайту стандарты (NHS Violence Prevention and Reduction Standard) жұмыс істейді. Канадада және Аустралияда ауруханалардағы тәуекелдерді басқарудың мультипәндік тәсілдері іске асырылуда, оған дабыл түймелерін, бейнебақылау камераларын, күзетті пайдалану және қызметкерлерге құқықтық қолдау көрсету кіреді. ДДҰ өз ұсынымдарында қауіпсіз еңбек ортасын құрудың, зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік саясатын енгізудің, ден қою стандарттарын әзірлеудің және зардап шеккен қызметкерлерді қолдау мәдениетін енгізудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Таиланд қаржылық ынталандыруларды (ауылдық дәрігерлер үшін едәуір жоғары табыс), сол сияқты қаржылық емес ынталандыруларды (туған провинциясында жұмыс істеу мүмкіндігі, тұрғын үй беру), сондай-ақ ауылдық дәрігерлерді даярлаудың нысаналы бағдарламаларын жоғары ұстап қалу көрсеткіштерімен бірге табысты қолдануда. Аустралияда "қызмет үшін қайтарым" бағдарламаларының (жұмыспен өтеу міндеттемесі бар стипендиялар) және дәрігерлерге арналған арнайы "ауылдық оқыту жолдарының" тәжірибесі бар. Канада дәрігер-иммигранттарға қатысты қызмет үшін қайтарым саясатын және ауылдық дәрігерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын қолданды. Руанда мен Индонезияда еңбек жағдайларын жақсарту және мансаптық өсу сияқты қаржылық емес ынталандыру өз тиімділігін көрсетті. Жапонияда ауылдық жерлерді қоса алғанда, туған префектурасында ұзақмерзімді қызмет үшін оқытуды толық қаржыландыру ұсынылады, бұл бітірушілерді ұстап қалудың жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз етеді. АҚШ-та жеткіліксіз қамтылған аудандарда жұмыс істейтін медицина қызметкерлері үшін білім беру кредиттерін өтеу бағдарламалары қолданылады.

Халықаралық тәжірибені талдау ауылдық жерлердегі кадрлық қамтамасыз етуді тұрақты жақсарту бірнеше ынталандыру факторына бір мезгілде әсер ететін кешенді "пакеттік" шаралар есебінен қол жеткізуге болатынын көрсетеді. Оқшауланған шаралардың, тек қаржылық ынталандыру болсын немесе тек жұмыспен өтеу болсын, шектелген ұзақмерзімді жетістігі бар.

Алдыңғы қатарлы елдер медициналық және фармацевтикалық ғылымды орнықты және инновациялық денсаулық сақтаудың негізгі тетігі ретінде қарастырады. Трансляциялық зерттеулерді нығайту, академиялық медициналық орталықтар құру, халықаралық коллаборацияны қолдау және ғылыми деректердің цифрлық платформалары (EOSC, NIH Commons, NFDI) арқылы ғылыми деректер, клиникалық практика және цифрлық технологиялар халық денсаулығының игілігі үшін жұмыс істейтін тұтас ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің экожүйелері қалыптасуда. Сингапур, АҚШ, Германия, Ұлыбритания үлгілері ғылымға салынған инвестициялардың медициналық көмектің сапасы, кадрлардың дамуы және халықаралық бәсекеге қабілеттіліктің артуы арқылы қайтарылатынын көрсетеді. Халықаралық практикалар кадрлық шешімдерді қалыптастыруда дәлелді базаны, оның ішінде тұрақты шолуларды, сценарийлік болжамдарды пайдалануға (evidence-informed HRH policy) және кәсіптік қауымдастықтардың қатысуын қамтамасыз етуге баса назар аударады.

Академиялық медицина орталықтары дүние жүзінде биомедициналық зерттеулердің және ғылыми жаңалықтарды клиникалық практикаға трансляциялаудың негізгі желілері ретінде қарастырылады. АҚШ (патенттеуді ынталандыратын Бэй-Доул заңы), Германия (гендік және жасушалық терапия саласындағы ұлттық стратегия, инфрақұрылым мен зерттеулерді нақты қаржыландыру, ұлттық зерттеу деректерінің

инфрақұрылымы) және Сингапур (ұлттық медициналық зерттеулер кеңесі арқылы биомедициналық ғылымдарға бағытталған стратегиялық мемлекеттік инвестициялар) тәжірибесі көрсеткендей, бұл процесте мемлекеттік саясат пен нысаналы қаржыландыру шешуші рөл атқарады. Ұлыбританияда Академиялық денсаулық сақтау желілері ұлттық денсаулық сақтау қызметінің ұйымдарын, ғылыми ортаны және өнеркәсіпті инновацияларды тарату үшін байланыстырылады. Оңтүстік Кореяда Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі трансляциялық зерттеулерді қолдайды.

Озық елдердің тәжірибесі университеттерді инновациялық орталықтарға айналдыру тұтас экожүйе құруды талап ететінін көрсетеді. Бұл тек зерттеулерді тікелей қаржыландыруды ғана емес, сонымен бірге ғылыми әзірлемелерді практикаға трансляциялау үшін инфрақұрылымды дамытуды, қолдаушы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды (мысалы, зияткерлік меншік пен лицензиялау саласында) және өнеркәсіппен тиімді ынтымақтастық тетіктерін құруды қамтиды. Медицина ғылымын дамытуды және медициналық ЖЖОКБҰ-дың инновациялық әлеуетін арттыруды жоспарлап отырған Қазақстан Республикасы үшін ғылыми әзірлемелерді клиникалық практикаға енгізуден бастап оларды кейіннен коммерцияландыруға дейінгі бүкіл инновациялық циклді қолдайтын біртұтас жүйе құру маңызды.

Эстонияда (деректер алмасудың X-Road орталықсыздандырылған деңгейі, ұлттық ЭМК, блокчейн пайдаланылатын деректер қауіпсіздігі), Финляндияда (Kanta қызметтері, азаматтарға арналған MyKanta порталы, ашық API) және Сингапурда ("Бір пациент – бір медкарта" қағидаты бойынша орталықтандырылған сақтау орны ретіндегі ұлттық электрондық медициналық карта (NEHR)) сияқты табысты ұлттық электрондық денсаулық сақтау жүйелері нақты ұлттық стратегиялармен және стандарттармен басқарылатын сенімді, қауіпсіз және интероперабельді базалық инфрақұрылымға негізделген. Швеция мен Канада да медициналық деректер алмасу мен интероперабельділікті қамтамасыз етудің ұлттық тәсілдерін дамытып отыр.

Жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) диагностикаға қолдау көрсету, емдеу бойынша ұсынымдар беру және әкімшілік тиімділікті арттыру үшін МСАК-та барған сайын белсенді түрде зерттелуде. Данияның ЖПД қарапайым міндеттерден бастап, дәрігердің бақылауын қамтамасыз етіп, ЖИ-ді енгізу шарттарын айқындады. ЭЫДҰ ЖИ-ді қолданудағы этикалық қағидаттарды ұсына отырып, оның профилактика мен емдеудегі әлеуетін атап өтеді. Негізгі проблемалар ЖИ-ді оқытуға арналған деректердің сапасы мен репрезентативтілігі, деректердегі бұрмалану салдарынан теңсіздіктің ушығу тәуекелі, сондай-ақ ашықтық пен есептілікке қатысты этикалық мәселелер болып табылады.

Алдыңғы қатарлы елдердің цифрлық денсаулық сақтау саласындағы тәжірибесі жүйелердің техникалық интероперабельділігі күшті мемлекеттік басқарумен, нақты құқықтық шеңбермен (әсіресе деректерді қорғау бөлігінде) және пайдаланушылардың –

азаматтардың, сол сияқты медицина қызметкерлерінің сенімін қалыптастыруға бағытталған мақсатты шаралармен қатар жүруі тиіс екенін көрсетеді. Қазақстан Республикасы үшін ұлттық электрондық денсаулық паспорттарын құру және ақпараттық жүйелерді интеграциялау кезінде жетістіктің негізгі факторлары деректермен алмасудың үздіксіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жеке медициналық ақпараттың құпиялылығын кепілдендірілген қорғау және халық пен медициналық қоғамдастықты тарту мен хабардар ету бойынша белсенді жұмыс жүргізу болады.

ЖИ-ді МСАК-қа енгізуге қатысты халықаралық тәжірибе байыпты, эволюциялық тәсілді нұсқайды. Анық пайдасы бар, ал тәуекелі барынша төмен нақты, айқындалған міндеттерді шешуге бағытталған пилоттық жобалардан бастаған жөн (мысалы, стандартты хаттамалар бойынша дәрігерлік шешімдер қабылдауды қолдау жүйелері, тәуекел тобын анықтау үшін көлемді деректерге талдау жасау).

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын табысты жаңғырту сенімді басқару және қаржыландыру жүйелерін талап етеді. ЭЫДҰ-ның тиімді мемлекеттік инвестициялар жөніндегі қағидаттары инвестицияларды даму стратегиясымен байланыстырудың, жергілікті білімді жұмылдырудың, үйлестіруді және баламаларды бағалауды қамтамасыз етудің маңыздылығын атап көрсетеді. ЭЫДҰ-ның алты бағалау өлшемшарты (өзектілік, үйлесімділік, нәтижелілік, тиімділік, әсер ету, орнықтылық) жобаларды іріктеу мен бағалау үшін кешенді негіздеме ұсынады. Дүниежүзілік банктің ұсынымдарына стратегиялық жоспарлау, мүдделі тараптарды тарту және кезең-кезеңімен инвестициялау кіреді. Ұлыбританияның, Канаданың, Сингапурдың және Солтүстік Еуропа елдерінің жобаларды басқару саласындағы практикалық мысалдары мерзімді сақтау, шығындарды басқару және сапаны бақылау проблемаларын шешуді қарастырады.

Қазақстан Республикасының медициналық объектілерді салуға және жаңғыртуға бағытталған инвестициялары осы жобаларды жоспарлауға, сатып алуға, басқаруға және бағалауға жауапты институттар мен кадрлық әлеуетті нығайтуға мөлшерлес инвестициялар салумен қатар жүруі тиіс.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) медициналық инфрақұрылым саласындағы жобаларды қаржыландыру мен іске асырудың әлеуетті тетігі ретінде қарастырылады. Денсаулық сақтау саласындағы МЖӘ нәтижелілігінің негізгі факторлары – сенімді әріптестердің болуы, құндылықтардың үйлесімділігі, тәуекелдерді нақты бөлу, мықты нормативтік құқықтық база, мемлекеттік органдардың келіссөздер жүргізу мен шарттарды басқару жөніндегі күшті әлеуеті, сондай-ақ ашық мониторинг пен бағалау. МЖӘ-нің халықаралық үлгілері ауруханалар секторы бойынша МЖӘ тәжірибесін, Испанияның Альсира моделін, Үндістан мен Аустралияның инфрақұрылым және көрсетілетін қызметтер саласындағы МЖӘ модельдерін қамтиды.

ЭЫДҰ мен ДДҰ белсенді түрде ілгерілетіп жатқан денсаулық сақтау жүйесінің орнықтылығы тұжырымдамасы жүйенің күйзелістерді (пандемия, климаттың өзгеруі, жанжалдар) алдын ала болжау, сіңіру, олардан кейін қалпына келу және оларға, сондай-ақ күнделікті стрестік факторларға (халық қажеттіліктерінің өзгеруі, ресурстар тапшылығы) бейімделу қабілеті ретінде айқындалады.

COVID-19 пандемиясы көптеген денсаулық сақтау жүйелерінің жеткілікті деңгейде дайын болмағанын айқын көрсетіп, оның орнықтылығын нығайтуды негізгі басымдыққа айналдырды. Халықаралық ұсынымдар проактивті инвестицияларды және жеткілікті қаржыландыруды қамтамасыз етуді (ЭЫДҰ қажетті инвестициялар көлемін ЖІӨ-нің 1,4 %-ы деңгейінде бағалайды), кадрлық әлеуетті нығайтуды, денсаулық сақтау институттарына деген сенімді арттыруды, сектораралық ынтымақтастықты, жүйелерді нығайтуға кешенді тәсілді енгізуді және өткен дағдарыстардың тәжірибесінен сабақ алуды қамтиды. Басқарудың бытыраңқылығы мен мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігі елеулі кедергілер болып табылады.

Германияның (проактивті стратегия, ерте диагностикалау), Оңтүстік Кореяның (жаппай тестілеу және қадағалау), Швейцарияның (мықты мемлекеттік басқару және икемділік) тәжірибесі COVID-19 дағдарысына ден қоюдың табысты тәсілдерін көрсетеді. Сонымен қатар Италияның (халықтың қартаюы мен жүйеге шамадан тыс жүктеме түсуі салдарынан жоғары өлім) және АҚШ-тың (ресурстарды кең ауқымда қолдану мен үйлестірудегі проблемалар) тәжірибесі бар әлсіз тұстарды көрсетеді. Қазақстандағы COVID-19 пандемиясының тәжірибесі орнықтылық орын алған дағдарысқа ден қоя білу қабілетін ғана емес, сонымен қатар алдын алу шараларына проактивті инвестицияларды, МСАК-ты, кадрлық әлеуетті және қоғамдық денсаулық сақтау инфрақұрылымын нығайтуды талап ететінін көрсетеді. Бұл ресурстарды икемді түрде қайта бөлуді және белгісіздік жағдайында түрлі секторлардың іс-қимылдарын үйлестіруді қамтамасыз ететін бейімделген басқару тетіктерін құруды да білдіреді.

Таиланд, Малайзия, Сингапур және Үндістан сияқты медициналық туризм саласындағы көшбасшы елдер мемлекеттік қолдауды, инфрақұрылымды дамытуды, халықаралық аккредиттеуді, маркетингті және визалық режимді оңайлатуды қамтитын кешенді стратегияларды әзірледі. Медициналық туризмнің оң аспектілері инвестиция легін, жұмыс орындарын құруды, технологиялар трансфертін қамтиды. Алайда белгілі бір тәуекелдер де бар: ресурстардың бөлінуіне байланысты жергілікті халық үшін қолжетімділіктегі теңсіздік, "білімдарлардың кетуі", жергілікті тұрғындар үшін медициналық көрсетілетін қызметтер құнының өсуі, жүйенің шамадан тыс мамандануы және этикалық сипаттағы мәселелер.

Қазақстан Республикасы үшін медициналық туризмді дамытудың перспективаларын қарастырған кезде әуел бастан стратегияға осындай даму жекелеген коммерциялық бағдарланған сегменттерді ғана емес, елдегі бүкіл денсаулық сақтау

жүйесін нығайтуға ықпал етуді қамтамасыз ететін және Қазақстан Республикасының азаматтары үшін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасының төмендеуіне алып келмейтін тетіктерді енгізу аса маңызды болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесі дамыған бірқатар елдерде сапаны басқару стратегиялық деңгейге шығарылып, институционалдық, құқықтық және клиникалық-ұйымдастырушылық құрамдастарды қамтиды. Денсаулық сақтау саласында үздік нәтижелерге қол жеткізген елдер клиникалық нәтижелер бойынша тұрақты кері байланысты, бағалаудың цифрлық құралдарын, сапа үшін қаржылық ынталандыруларды енгізді, сондай-ақ ұлттық сапа институттарын (мысалы, Ұлыбританиядағы NICE, Германиядағы IQWiG) құрды.

Денсаулық сақтауды дамытудың негізгі басымдықтары бойынша халықаралық тәжірибені талдау Қазақстан Республикасының жағдайына бейімдеуге болатын сынамаланған стратегиялар мен модельдердің кең ауқымын көрсетеді. Табысты денсаулық сақтау жүйелері профилактикалық бағдарлануды, тиімді қаржыландыруды, білікті кадрлар мен заманауи технологиялар арқылы қамтамасыз етілетін медициналық көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасын, сондай-ақ халықтың барлық топтары үшін тең қолжетімділікті ұштастыратын кешенді тәсілмен сипатталады. Негізгі тұжырымдар деректерге негізделген стратегиялық жоспарлаудың маңыздылығы, орнықты инвестициялар, күшті мемлекеттік басқару, сектораралық өзара іс-қимыл және қоғамның өзгеріп жатқан сын-қатерлері мен қажеттіліктеріне тұрақты бейімделу қажеттігі болып табылады.

#### **4-бөлім. Денсаулық сақтау саласын дамытудың пайымы**

Денсаулық сақтау жүйесінің ағымдағы жағдайын және халықаралық тәжірибені талдау кезінде анықталған проблемалық мәселелер негізінде мыналар айқындалды: осы Тұжырымдаманы іске асыру нәтижелері қол жеткізуге ықпал ететін елдің денсаулық сақтау саласын дамытудың пайымы.

Қолжетімділік, сапа және ресурстарды ұтымды пайдалану арасындағы оңтайлы теңгерімді қамтамасыз ететін орнықты және тиімді денсаулық сақтау жүйесі, оның шеңберінде денсаулықты интеграцияланған басқару, жүйелік орнықтылық пен сын-қатерлерге бейімделу, жалпыға бірдей қамтуды, барлық азаматтар үшін сапалы медициналық көрсетілетін қызметтерге әділ қолжетімділікті қамтамасыз ететін, адамға бағдарланған интеграцияланған денсаулық сақтау қызметтері, интероперабельді жүйелер мен құрылғыларды, көлемді деректерді пайдалануға негізделген жаңа буындағы цифрлық денсаулық сақтау, нәтижелі және әділ қаржыландыру, денсаулық сақтаудың адами капиталын дамыту, инновациялық және трансляциялауға бағдарланған медицина ғылымы, инфрақұрылымды жаңарту және отандық өндірісті дамыту арқылы технологиялық жаңғырту және тұрақты өндіру қамтамасыз етіледі.

Пайымды іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) денсаулық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай интеграцияланған жүйесіне көшу;
- 2) жаңа буындағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек;
- 3) адамға бағдарланған және қолжетімді медициналық көмек;
- 4) отбасылық әл-ауқат – жаңа стратегиялық бағдар;
- 5) денсаулық сақтау жүйесінің орнықтылығы мен қауіпсіздігі;
- 6) дербестендірілген және жоғары технологиялық медицинаны дамыту;
- 7) фармацевтика және медицина өнеркәсібінің технологиялық дамуы, дәрі-дәрмекпен орнықты қамтамасыз ету;
- 8) орнықты және тиімді денсаулық сақтаудың негізі ретінде кадрлық қамтамасыз ету жүйесін трансформациялау және ғылымды дамыту;
- 9) денсаулық сақтауды орнықты қаржыландырудың прогрессивті моделі.

## **5-бөлім. Бағыттар бойынша дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері**

Саланы дамытудың негізгі қағидаттары:

- 1) өмір бойы денсаулықты сақтау және нығайту;
- 2) тиімді және сапалы медициналық көмекке тең және уақтылы қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 3) медициналық көмек көрсету процесіне пациенттің белсенді қатысуы және оның қажеттіліктерін ескеру;
- 4) денсаулық сақтау жүйесінің негізгі ресурсы ретінде адами капиталды дамыту;
- 5) технологиялық жаңғыртуды, медициналық және фармацевтикалық ғылымды дамытуды, жаңа білімді генерациялау мен клиникалық және ұйымдастырушылық инновацияларды енгізуді ынталандыру;
- 6) денсаулық сақтау жүйесінің ресурстары мен капиталын ұтымды және тиімді басқару;
- 7) денсаулық сақтау жүйесін басқару және қаржыландыру процестерінің ашықтығы, сондай-ақ барлық қатысушылардың есептілігі;
- 8) қоғамдық денсаулық сақтау және климаттың өзгеруі саласындағы дағдарыстарға дайындықты және тиімді ден қоюды қамтамасыз ету;
- 9) клиникалық, басқарушылық және қаржылық шешімдерді нақты деректерге сүйене отырып қабылдау.

### **1-бағыт. Денсаулық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай интеграцияланған жүйесіне көшу:**

өмірдің барлық кезеңдерін қамти отырып, денсаулық мәдениетін қалыптастыру мен профилактиканың бірыңғай, ғылыми негізделген жүйесі шеңберінде СӨС бытыраңқы бастамаларын шоғырландыру;

денсаулық мәдениетін білім беруді, еңбекті, медианы және адамның қоршаған ортасын қоса алғанда, адамның денсаулығымен байланысты барлық сектордың саясатына интеграциялау;

халық денсаулығына мінез-құлықтық қауіп факторларының әсерін шектеу жөніндегі ғылыми негізделген бастамаларды іске асыру.

Осы бағыт бойынша дамыту адамдардың денсаулыққа және саламатты өмір салтына деген қатынасын қалыптастыратын, оны сақтау мен нығайту бойынша күнделікті іс-әрекеттерін айқындайтын, сондай-ақ денсаулықты жеке әрі қоғамдық игілік ретінде бағалау деңгейін көрсететін қоғамдағы ортақ құндылықтардың, білімнің, сенімдер мен мінез-құлық нысандарының жиынтығын – "денсаулық мәдениетін" қалыптастыруға бағытталған.

*Өмірдің барлық кезеңдерін қамти отырып, денсаулық мәдениетін қалыптастыру мен профилактиканың бірыңғай, ғылыми негізделген жүйесі шеңберінде СӨС бытыраңқы бастамаларын шоғырландыру*

Денсаулық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі ұлттық үйлестіруші құрылады.

Денсаулық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай жүйесі "Саламатты шаңырақ" ұлттық ақпараттық науқанын жаппай өткізу, ИЕА-ға баса назар аудара отырып, денсаулық үшін қауіп факторларын қамту (дұрыс тамақтану мен дене белсенділігі, қантты, тұзды, зиянды өнімдерді шамадан тыс тұтыну мен белсенді емес өмір салтының зияны, суды таңдауды ынталандыру), саламатты мінез-құлықты ілгерілету үшін цифрлық платформаларды, әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшаларды пайдалану арқылы іске асырылатын болады.

Халықпен МСАК, ЖДО, денсаулық сақтау ұйымдары, жұмыс берушілер, жергілікті және сектораралық бастамалар, блогерлер мен медиа тұлғалар арқылы атаулы коммуникация ұйымдастырылатын болады.

*Халық денсаулығы, қауіп факторлары және денсаулық сақтау қызметтерінің қолжетімділігі туралы "Ұлт денсаулығы" кешенді бірыңғай есептілік жүйесін енгізу*

Жыл сайынғы "Ұлт денсаулығы" ақпараттық-талдамалық есебі дайындалады, ол инфекциялық емес аурулар бойынша эпидемиологиялық қадағалауды; халықтың денсаулық жағдайы, сырқаттанушылық, аурулардың таралуы және аурулар жүктемесін бағалау бойынша өзекті деректерді; ИЕА негізгі қауіп факторларын қамти отырып, халықаралық танылған әдіснама (STEPS, MICS, COSI, HBSC, GATS, GYTS және т.б. сияқты) бойынша тереңдетілген зерттеулерді қамтиды.

*Денсаулық мәдениетін білім беруді, еңбекті, қоршаған ортаны қоса алғанда, адамның денсаулығымен байланысты барлық сектордың саясатына интеграциялау*

Мемлекеттік саясаттың барлық секторларында шешімдер қабылдау кезінде ДДҰ-ның "Денсаулық барлық саясатта" қағидаттарына бейілділік қамтамасыз етіледі.

Саламатты өмір салты қағидаттарын білім беру жүйесіне интеграциялау жалғастырылатын болады.

Оқу бағдарламаларына, тәрбиелік жұмыс бағдарламаларына психоэмоциялық тұрақтылықты, эмпатияны дамыту мен позитивті ойлауды қалыптастыруға бағытталған тақырыптар енгізіледі.

Нашақорлықты мониторингтеу, зерттеу және оның профилактикасы жөніндегі ахуалдық орталықты құру бойынша ұсыныстар әзірленеді.

Саламатты өмір салты қағидаттарын еңбек жүйесіне жұмыскерлердің ИЕА қауіп факторлары, дұрыс тамақтану және дене белсенділігі мәселелері, қантты, тұзды, зиянды өнімдерді шамадан тыс тұтынудың және белсенді емес өмір салтының зияны туралы ақпараттық сауатты болуын арттыру арқылы интеграциялау.

Еңбек медицинасы, гигиенасы және кәсіптік патологиялар саласындағы мақсаттарды әзірлеу және оларға қол жеткізу бойынша негізгі үйлестіруші ретінде айқындау арқылы Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ұлттық орталығының рөлі мен жауапкершілігін күшейту.

Жарақаттар профилактикасы жөніндегі шаралар іске асырылатын болады.

Азаматтардың күнделікті өмірінің алуан түрлі салаларында тұрғылықты жерін, оқу орнын, жұмыс орнын және медициналық қызмет көрсету орындарын қамтитын кешенді бастамаларды екі деңгейлі модель шеңберінде іске асыру арқылы кезең-кезеңімен енгізу қамтамасыз етіледі.

Бірінші деңгейде жергілікті деңгейде қолжетімділікке, қатысушылыққа және орнықты дамуға баса назар аудара отырып, денсаулықты нығайтуға ықпал ететін ортаны құру бойынша ерікті бастамаларды біріктіретін "Саламатты орта" ұлттық желісін құру көзделеді.

"Саламатты орта" ұлттық желісін құру бастамасын іске асыру үшін мыналар көзделген: бастаманы іске асыру үшін нормативтік құқықтық негізді қалыптастыру, бастаманың ұлттық үйлестірушісін айқындау, қызметтің алуан түрлі салаларының ерекшелігін ескере отырып, негіздемелік әдіснамалық тәсілдерді әзірлеу; құралдар мен тәсілдерді сынамалау үшін ұйымдардың шектеулі санында пилоттық кезеңді өткізу; пилот нәтижелері бойынша қатысушылар үшін өзін-өзі бағалау функционалы, үлгілік жоспарлардың, есептіліктің үлгілері және енгізуге ұсынылатын іс-шаралар тізбесі бар цифрлық құралдарды құру; ақпараттық науқан жүргізу, жобаны танымал ету және кең ауқымда қолдану.

Екінші деңгейде ДДҰ-ның "Саламатты қалалар", "Саламатты жұмыс орындары", "Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер", "Саламатты университеттер", "Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін ауруханалар" бастамаларына қатысу көзделген. Екінші деңгейге көшу дайындық деңгейі, қол жеткізілген нәтижелер және халықаралық стандарттарға сәйкестік негізінде жүзеге асырылады.

*Халық денсаулығына мінез-құлықтық қауіп факторларының әсерін шектеу жөніндегі ғылыми негізделген бастамаларды іске асыру*

Қоғамдық орындарда темекі бұйымдарын тұтынуды шектеу, темекі бұйымдарын тұтынудың жаңа түрлері мен құрылғыларына, ұзақ уақыт тұтынған кезде әсері жеткіліксіз зерттелген өнімдерге қатысты; тамақ өнімдеріндегі тұз мөлшері бойынша; бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ), әлеуметтік желілерде тұз, қант, қаныққан майлар мөлшері жоғары, құрамында трансмайлар бар өнімдердің жарнамасын шектеу бөлігінде шараларды күшейту мақсатында ұсыныстар әзірлеу және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.

Қоректік заттардың ұлттық бейінін, "Пайдалы таңдау" ерікті таңбаланымын енгізу үшін әдістемелік ұсынымдарды бекіту арқылы дұрыс тамақтанудың қолжетімділігін арттыру жөніндегі сектораралық және заңнамалық бастамаларды іске асыру.

Құрамында қант бар сусындарға акцизді кезең-кезеңімен енгізу.

Энергетикалық сусындарды сатуға қатысты шектеулерді сақтамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу бойынша шараларды әзірлеу.

Халықтың, әсіресе балалар мен жастардың психикалық денсаулығына цифрлық ортаның теріс әсерін анықтау, профилактикасы және төмендету жөніндегі шараларды тұжырымдау.

## **2-бағыт. Жаңа буындағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек**

МСАК-тың профилактикалық бағытталуын және диагностикалық әлеуетін күшейту ;

үйлестіру жүйесі және үздік практикалар орталықтары арқылы тиімді модельдерді кеңінен енгізу;

пациенттерді бағдарлауда және қызметтер көрсетуде МСАК-тың үйлестіруші рөлін күшейту;

МСАК-тың сапасын, қолжетімділігін және құндылыққа бағдарлануын арттыру.

### *МСАК-тың профилактикалық бағытталуын және диагностикалық әлеуетін күшейту*

Аурулардың профилактикасы мен ерте диагностикасы мәселелерінде МСАК-ты нығайту: МСАК мамандарын денсаулық мәдениетін қалыптастыру, профилактика, мінез-құлықты тұрақты өзгерту және иммундау мәселелері бойынша ынталандырушы консультация беру әдістеріне оқыту; МСАК дәрігерлерін онкологиялық ауруларды, қант диабетін ерте анықтау алгоритмдеріне оқыту және дағдыларын дамыту; профилактика шараларын, өзін-өзі бақылау дағдыларына оқытуды қамтитын, диабеталды жағдайдағы пациенттерді қадағалап-қарау; МСАК деңгейінде және стационарларда денсаулық мектептерінің жұмысын әдістемелік сүйемелдеу және медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру арқылы күшейту көзделеді.

МСАК деңгейінде "жоспарланған профилактикалық қабылдау" көрсетілетін қызметін іске асыру.

Халықты скринингтерді есепке алу және мониторингтеу бойынша цифрлық құралдарды әзірлеу арқылы нысаналы топтар арасында профилактикалық медициналық қарап-тексерулермен және скринингтік зерттеулермен қамтуды кеңейту,

скринингтік зерттеулерді жергілікті жерлерде жүргізуге арналған жабдықталған жылжымалы медициналық кешендер қызметтерімен халықты қамтуды ұлғайту арқылы жалғастырылатын болады.

Скринингтердің клиникалық-экономикалық тиімділігін қарастыру.

*Үйлестіру жүйесі және үздік практикалар орталықтары арқылы тиімді модельдерді кең ауқымда қолдану*

Қазақстанның МСАК жөніндегі коалиция хатшылығындағы көшбасшылығы кезінде тиімді модельдер мен үздік практикаларды тарату мақсатында коалиция алаңындағы ДДҰ елдерін біріктіру.

*Пациенттерді бағдарлауда және қызметтер көрсетуде МСАК-тың үйлестіруші рөлін күшейту*

МСАК тарапынан медициналық көмекті үйлестіру және бағдарлау үшін цифрлық құралдарды дамыту, оның ішінде:

созылмалы аурулары бар пациенттерді қоса алғанда, емдеуді және оңалтуды бірыңғай медициналық деректерді сақтау орны арқылы қадағалау;

егде жастағы адамдарға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға және басқа да осал топтарға арналған бейімделген бағдарларды әзірлеу.

*МСАК-тың сапасын, қолжетімділігін және құндылықтық бағдарлануын арттыру*

Барлық халық топтары үшін адамға бағдарланған алғашқы көмекті дамыту үшін дәрігердің білікті еңбек өнімділігін арттыруға ықпал ететін жалпы практика дәрігерінің ассистенті сияқты жана ұстанымдарды енгізудің орындылығы қаралатын болады.

АББ-да пациенттерді қамтуды және АББ-дағы аурулар тізбесін ұлғайту көзделеді.

Әрбір өңірдегі үздік практикалар орталықтарын дамыту және медициналық көмек көрсетудің тиімді, орнықты және адамға бағдарланған модельдерін кеңейту негізінде МСАК-ты трансформациялау.

**3-бағыт. Адамға бағдарланған және қолжетімді медициналық көмек**

қолжетімділіктің географиялық және әлеуметтік кедергілерін жою;

адамның мұқтажына негізделген интеграцияланған күтімге көшу;

денсаулық сақтау жүйесінде сенім мен құрметке негізделген қарым-қатынас мәдениетін дамыту.

*Қолжетімділіктің географиялық және әлеуметтік кедергілерін жою*

Медициналық ұйымдарда референс-орталықтардың және мамандандырылған медициналық көмек бөлімшелерінің желісін ұлғайту арқылы мультипәндік тәсілді кең ауқымда қолдану.

Қатерлі ісіктер кезінде "жасыл дәліз" мерзімдерінің бұзылуына автоматтандырылған бақылауды енгізу және пациентті қолдау қызметтері мен сапа мониторингі органдарын хабардар ету.

Жедел медициналық жәрдем қызметін уақыттың автоматтандырылған өтпелі индикаторларын енгізу және жекелеген аурулар, жай-күйлер мен жарақаттар кезінде

пациенттерді бейінді бөлімшелерге тікелей бағдарлау практикасын кеңейту жолымен жетілдіру.

Егде адамдардың функционалдық қабілеттерін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған көмектің қолжетімділігін арттыру бойынша шараларды тұжырымдау.

*Адамның мұқтажына негізделген интеграцияланған күтімге көшу*

АИТВ инфекциясының шоғырланған сатысында таралуын тежеуге бағытталған профилактикалық іс-шаралар жалғасатын болады.

2030 жылға дейінгі Жаһандық стратегияның 95-95-95 мақсатына қол жеткізу.

АИТВ кезінде медициналық көмек ретровирусқа қарсы терапияны (бұдан әрі – РҚТ) тағайындау кезінде генотиптік резистенттілік пен HLA В\*5701 аллелінің болуын ескере отырып, дербестендірілген тәсілді енгізуге, АИТВ жағдайларын электрондық қадағалау негізінде РҚТ-ға қажеттілікті автоматты түрде жоспарлауға, ана мен баланың денсаулығын сақтау құрылымына АИТВ сервистерін интеграциялау арқылы АИТВ-ның анадан балаға берілуінің тиімді профилактикасын қамтамасыз етуге, жүкті әйелдерді АИТВ-ға 100 % тестілеумен қамтуға, терапияны дереу бастауға және жаңа туған нәрестелерге молекулалық диагностика жүргізуге, балаларға арналған қоспалар беруге және вирустық супрессия болмаған жағдайда емшек сүтімен қоректендіруді болдырмауға бағытталатын болады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде (бұдан әрі – ҚАЖМ) ұсталатын адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанынан тәулік бойы стационарлар/төсек-орындар ашу, ҚАЖМ-да ұсталатын адамдарды сотталғандармен жұмыс істеудің ең төменгі стандарттары мен қағидаларына сәйкес психологиялық және шұғыл стоматологиялық көмекпен қамтамасыз ету, ҚАЖМ-да ұсталатын адамдар бойынша медициналық деректерді цифрландыру арқылы медициналық көмекті жетілдіру мәселесін пысықтау.

Азаматтарға арналған оңалту қызметтері медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейінде оңалту әлеуетін іске асыруға бағдарланады және медициналық оңалту қызметін цифрландыру бойынша құралдарды енгізу мәселелері пысықталады.

Орфандық аурулары бар пациенттерге медициналық көмекті қамтамасыз етуге арналған іс-шаралар жалғасатын болады.

Елімізде медициналық туризмді дамыту үшін ғылыми-зерттеу институттарында (бұдан әрі – ҒЗИ), ғылыми орталықтарда (бұдан әрі – ҒО) медициналық туризм бөлімшелерін ашу және Қазақстанның денсаулық сақтау саласының брендін халықаралық алаңдарда ілгерілету көзделуде.

Санаторийлік-курорттық саланы дамыту.

Шалғай және жетуі қиын өңірлерде медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін жылжымалы стационарларды пайдалану мүмкіндігін пысықтау.

*Денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімді арттыру – ашықтық, есептілік және пациенттердің құқықтарын қорғау*

Медициналық көмек сапасын қалыптастыру, мониторингтеу және бағалау жөніндегі әдіснамалық тәсілдерді жетілдіруді қамтамасыз ету, "сапа сарапшылары" кәсіби қоғамдастығын, медициналық көмекті сараптаудың, процестер аудитінің білім базасын үйлестіру мен дамыту, және тәжірибе алмасу мақсатында медициналық көмек сапасы жөніндегі ұлттық институтты құру мәселесі қаралатын болады.

Тәуекелдер мен оқыс оқиғаларды ішкі басқаруды енгізуді, қауіп-қатерлерді анықтауды, бола жаздаған дағдарыстың, оқиғалардың алдын алуға және жекелеген адамдарды жазалауға емес, жүйелік себептерді анықтауға негізделген оқыту ортасын қалыптастыруды қоса алғанда, барлық денсаулық сақтау ұйымдарында бақылау-қадағалау моделінен ("ауытқулар үшін жазалау") жүйелік жақсарту моделіне кезең-кезеңімен көшу, процестерді түзетуге, пациенттерді және өнім берушілерді тартуға, ішкі сараптама қызметтерінің тиімді жұмыс істеуіне және сапаны үздіксіз арттыру мәдениетіне көшу, "жазаламау" мәдениетін дамыту құралы ретінде қолдаушы жетекшілік тетіктерін күшейту болжануда.

Сапа мен әкімшілік рәсімдер мәселелерін нормативтік реттеуді дамытуға баса назар аударылады: медицина қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, медициналық қателіктердің, немқұрайлылықтың және қасақана бұзушылықтардың аражігін құқықтық жағынан ажырату, қателіктердің жүйелік себептерін талқылау және жою бойынша сенімді ортаның құқықтық негіздерін құру.

Пациенттер мен олардың өкілдерін көмектің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау процесіне тарту тетігі: тұрақты сауалнамалар жүргізу, оның ішінде кері байланыс құралдары арқылы, пациенттердің консультациялық кеңестер жұмысына қатысуы, пациенттер мен олардың отбасы мүшелерінің медициналық көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мәселелері бойынша хабардар болуын арттыру және оқыту, сервисті жақсарту жұмысына тарту арқылы қалыптастырылатын болады.

Сапаны басқару жүйесін дамыту медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігі индикаторларын мониторингтеудің ұлттық жүйесін құру, деректерді пайдалану және стратегиялық шешімдерді денсаулық сақтау ұйымдары, өңірлер және ел деңгейінде қабылдау, сапа жөніндегі сарапшылардың талдамалық әлеуетін арттыру, өңірлерде сапа бойынша сарапшы-аналитиктерді оқыту және даярлау арқылы жүйелік ауытқуларды ерте анықтау және жүйелік тәуекелдерді бағалау тетіктерін күшейтуге бағдарланатын болады.

Пациенттерді қолдау қызметінің (бұдан әрі – ПҚК) пациентке бағдарлануын қамтамасыз ету және медициналық ұйымдарда ішкі сапаны сараптау функцияларымен қоса атқару кезінде мүдделер қақтығысын болдырмау үшін медициналық ұйымдарда екі дербес құрылымдық бөлімшеге бөлу көзделуде: жеке штаты мен функционалы бар пациенттерді қолдау бөлімшесі (қызметі) және ішкі сараптама бөлімшесі (қызметі) (бұдан әрі – ІСК), екі бөлімшені (ПҚК және ІСК) атқарушы басшылыққа бағынудан шығарып, медициналық ұйымның басқару органының қарамағына беру, ақы төлеу

және сыйлықақы төлеу шарттарында көрсете отырып, ПҚҚ мен ІСК бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерінің өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін кеңейту, жұмыс істеп тұрған 1414 бірыңғай байланыс орталығына қосымша ретінде медициналық ұйымдардың ПҚҚ бірыңғай сенім телефондарының желісін құру, бұл азаматтарға медициналық ұйым деңгейінде шешілетін мәселелер бойынша ПҚҚ өкілдеріне нақты қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Денсаулық сақтаудың мамандандырылған бағыттарын аккредиттеумен қамтуды кеңейту және пациент тұрғысынан сапаны қабылдауды ескере отырып, медициналық ұйымдарды аккредиттеу әдіснамасын жетілдіру арқылы аккредиттеу стандарттарын өзектілендіру, ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде өнім берушілер үшін міндетті аккредиттеуді енгізу, медициналық ұйымдарды аккредиттейтін ұйымдардың қызметіне мониторинг жүргізу.

Пациенттердің қауіпсіздігін арттырудың негізгі элементі ретінде медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру институтын орнықты енгізуді қамтамасыз ету жоспарлануда.

Денсаулық сақтау субъектілерінің міндетті жарналары есебінен қалыптастырылатын сақтандыру пулы қаражаты есебінен өздері көрсеткен қызметтерге ақы төлей отырып, сарапшылар мен мамандарды тарту тәсілдерін қоса алғанда, нормативтік құқықтық базаны өзектілендіруге бастама жасалады, бұл институттың толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Медициналық ұйымдарда госпитальдық сервисті жетілдіру.

#### **4-бағыт. Отбасылық саламаттылық – жаңа стратегиялық бағдар:**

дені сау отбасын қалыптастыру мен дамытуға кешенді қолдау көрсету;

әрбір баланың дені сау және саламатты балалық шаққа құқығын қамтамасыз ету;

балалар мен жасөспірімдердің үйлесімді, дені сау және қорғалған дамуына ықпал ететін қолдаушы ортаны құру.

#### *Дені сау отбасын қалыптастыру мен дамытуға кешенді қолдау көрсету*

Отбасы денсаулығы мен репродуктивтік саламаттылықты қорғауда үздік халықаралық тәсілдерді енгізу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықты қоныстандыру қорымен (UNPFA), Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорымен (UNICEF), ДДҰ-мен және басқа да ұйымдармен әріптестік жалғасатын болады.

Дені сау баланың дүниеге келуіне отбасының жауапкершілігін арттыру мақсатында отбасын жоспарлау, анық ақпаратқа қолжетімділікті және контрацепцияға қауіпсіз қолжетімділікті арттыру бойынша жұмыс жетілдірілетін болады.

Медициналық көрсетілетін қызметтерді цифрландыру бойынша жұмыстың шеңберінде жүкті әйелдердің алмасу картасын электрондық форматқа көшіру бойынша "Жүкті әйелдің денсаулық паспорты" жобасы іске асырылады.

Жүкті және босанған әйелдерге медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту, МСАК деңгейінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жеке тіркеу орны,

емшаралар кабинеті және бейінді қабылдау бөлмелері бар әйелдер консультациялары ұйымдастырылады, онда жүкті әйелдер үшін жеке терапевттер мен психологтар айқындалады.

Босанғаннан кейінгі кезеңде әйелдердің ментальді денсаулығын сақтау және депрессияның профилактикасы мақсатында босандыру ұйымдарындағы психологтардың жұмысын психоэмоциялық саламаттылықты қамтамасыз ету бойынша проактивті шараларға баса назар аудара отырып күшейту қажет.

Босандыру ұйымдарында әлеуметтік тәуекелдерді уақтылы бағалау, жаңа туған нәрестелерден бас тартудың профилактикасы, оның ішінде ауруы бар немесе мүмкіндіктері шектеулі бала дүниеге келген жағдайда, мемлекеттік қолдау шаралары мен қолжетімді әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді түсіндіре отырып, әлеуметтік қызметкерлердің консультациялары ұйымдастырылатын болады.

Болашақ ата-аналардың денсаулығын нығайту және дені сау баланың дүниеге келуін қамтамасыз ету мақсатында жүктілік алдындағы дайындықпен және байқаумен қамтуды кеңейту бойынша кең ауқымды шаралар іске асырылады.

Жеке тәуекелдерді және медициналық инфрақұрылымның қолжетімділігін ескере отырып, жүкті әйелдің бағдарын проактивті айқындау.

Географиялық жағынан қашық орналасқан шалғай аудандардағы жүкті әйелдердің медициналық көмекке қол жеткізуіндегі кедергілерді жою үшін логистикалық тосқауылдарға талдау жүргізіледі.

Шалғай ауылдық жерлерден келген, жоғары қауіп тобына жататын жүкті әйелдерге босануға дейін мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді және уақытша болу жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында облыстық перинаталдық орталықтардың аумағында жергілікті бюджет есебінен "Дені сау ана" уақытша болу орындарын салу мәселесі пысықталатын болады.

Акушерлік тәуекелдерді төмендету шараларын іске асыру арқылы босану қауіпсіздігін арттыру және акушерлік тәуекелдерді азайту.

Облыстық перинаталдық орталықтарды реновациялау шеңберінде босандыру бойынша озық тәжірибенің өңірлік орталықтарын дамыту жалғасады, оның құрамына практикаға бағдарланған оқыту және мамандарға арналған тренингтік алаңдар кіреді.

Пренаталдық скринингтің заманауи, қауіпсіз және экономикалық тұрғыдан тиімді технологияларын қолдану аясын кеңейту.

"Босандыру ұйымдарында инфекцияға жол жоқ" бағдарламасын одан әрі іске асыру

Босандыру қызметінің ағымдағы жай-күйі мен оның негізгі көрсеткіштерін аумақтық бірлік деңгейінде нақты уақыт режимінде жедел мониторингтеу мақсатында босандыру ұйымдарында ахуалдық орталықтарды ұйымдастыру мәселесі пысықталатын болады.

Ахуалдық орталық әзірлеген индикаторларды пайдаланумен жүктілік, босану және босанудан кейінгі кезеңде әйелдерге көмек көрсетуді жақсартуға, сондай-ақ перинаталдық нәтижелерді жақсартуға бағытталған басқарушылық шешімдерді уақтылы қабылдау мүмкіндігі жақсарады.

Сондай-ақ Ахуалдық орталықта инфекциялық бақылау индикаторларын мониторингтеудің цифрлық құралдарын пайдалана отырып, босандыру ұйымдарында ауруханаішілік инфекциялардың туындау қаупін уақтылы анықтау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекциялардың алдын алу шараларын мультимодальды тәсіл негізінде іске асыру.

Ерлердің денсаулығын нығайту жөніндегі шараларды әзірлеу.

*Әрбір баланың дені сау және саламатты балалық шаққа құқығын қамтамасыз ету*

Босандыру ұйымдарының жаңа туған балаларға арналған қарқынды терапиясы бөлімшелерін 1 мейіргер – 1 пациент арақатынасына дейін кезең-кезеңімен жеткізе отырып, орта медицина қызметкерлерімен жасақтау.

Өңірлік босандыру ұйымдарында жаңа туған балаларға операциялық араласу жүргізу үшін неонаталдық хирургия төсек-орындарын ашу.

Қауіптерді ерте анықтауға, отбасыларды қолдауға және ведомствоаралық өзара іс-қимылға баса назар аудара отырып, баланы туғанынан бастап үздіксіз алып жүруді жетілдіру.

Балаларға амбулаториялық, стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда, оның ішінде медициналық оңалтудың жаңа әдістерін енгізу және олардың ұлттық ғылыми орталықтардан өңірлерге трансферті арқылы медициналық оңалтудың қолжетімділігін арттыру.

*Балалар мен жасөспірімдердің үйлесімді, дені сау және қорғалған дамуына ықпал ететін қолдаушы ортаны құру.*

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балаларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту.

"Саламатты мектеп" республикалық акциясын (2026 – 2028 жылдарға арналған) өткізу.

Жасөспірімдердің бойында тұрақты саламатты мінез-құлық нысандарын қалыптастыру және психологиялық және әлеуметтік көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

### **5-бағыт. Денсаулық сақтау жүйесінің орнықтылығы мен қауіпсіздігі**

санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалаудың заманауи деңгейдегі проактивті, цифрлық және тәуекелге бағдарланған жүйесіне көшу;

эпидемиялар, төтенше жағдайлар мен климаттың өзгеруі жағдайында медициналық көмектің үздіксіз болуын және халық денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін орнықты ден қою архитектурасын құру.

*Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалаудың заманауи деңгейдегі проактивті, цифрлық және тәуекелге бағдарланған жүйесіне көшу*

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылау қызметі шеңберінде тәуекелге бағдарланған бақылау тетіктерін жетілдіру.

Тәуекелдерді басқарудың тиімділігін арттыру, қауіп-қатерді жедел анықтау және оқшаулау, деректерді өңдеу мен шешімдер қабылдауға жұмсалатын уақытты қысқарту үшін мыналарға ерекше назар аударылады:

Микробқа қарсы терапияны бақылау стратегиясына сәйкес (бұдан әрі – МТБС) медициналық ұйымдарда микробқа қарсы препараттардың пайдаланылуын бақылауды енгізуді қоса алғанда, антибиотиктерге резистенттілікке жүйелі қарсы күрес;

ҚДСҰО референс-зертханасы базасында инфекциялық аурулар қоздырғыштары ( қызылша, тұмау, SARS-CoV-2, энтеровирустық инфекция, Конго-қырым геморрагиялық қызбасы, метапневмовирустар, көкжөтел, сальмонеллездік инфекциялар , бруцеллез, МҚТ шеңберінде және т.б.) бойынша геномдық зерттеулерді жетілдіру;

эпидемияларды ерте алдын алу үшін патогендер мен төзімділік гендерінің клиникалық жағдайлар пайда болғанға дейін айналымын бақылауға мүмкіндік беретін сарқынды суларды эпидемиологиялық зерттеулер жүргізу үшін нормативтік құқықтық база мен цифрлық платформаны жасау;

шекара маңындағы аумақтарды қоса алғанда, клиникалық, эпидемиологиялық және зертханалық деректерді біріктіру үшін зертханалық инфрақұрылымды және цифрлық платформаларды жаңғырта отырып, инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық қадағалаудың интеграцияланған жүйелерін дамыту;

денсаулық үшін тәуекелдерді бағалау әдістері мен ден қою жүйесін жетілдіру үшін халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату.

Санитариялық-эпидемиологиялық қызметті цифрлық трансформациялау медициналық ұйымдардың медициналық ақпараттық жүйелерге енгізген деректерге сәйкес жүргізілген профилактикалық екпелер мен вакциналардың қозғалысы туралы электрондық есептілік деректерін қалыптастыруға; Қазақстан Республикасында вакциналарды, иммунобиологиялық препараттар мен дәрілік заттарды сақтау және тасымалдау бойынша суық тізбекті мониторингтеу жүйесін автоматтандыруға; қауіп-қатерлерді ерте анықтау үшін ЖИ және талдамалық платформаларды қолдануға; қауіп факторларын мониторингтеу үшін географиялық ақпараттық жүйелер технологияларын және мобильді шешімдерді пайдалануға; бақылау субъектілері жүзеге асыратын өндірістік бақылау нәтижелерін есепке алуға, бақылаудағы өнімдер жарнамасын мониторингтеу үшін цифрлық шешімдерді қолдануға бағытталатын болады.

Иммундық профилактикаға эпидемиологиялық қадағалауды күшейту. Қазақстан Республикасының ұлттық профилактикалық екпелер күнтізбесін жетілдіру: 11 жастағы ұл балаларға АПВ-ға қарсы вакцинация жасауды енгізу; 16 жастағы жасөспірімдерді

және жүкті әйелдерді қоса отырып, көкжөтелге қарсы вакцинация жасауға жататын халықтың нысаналы тобын кеңейту.

Кепілдік берілген сападағы вакциналармен қамтамасыз ету үшін вакциналарды сатып алуды болжау, жоспарлау және бюджеттеу әлеуетін арттыру. Вакциналардың тапшылығы туралы барлық хабарламаларды қадағалап отыру және тіркеу, тәуекелдерді азайту бойынша уақтылы шаралар қабылдау. Вакциналарды сақтау қоймалары бойынша тұрақты түгендеу бағалауын және алшақтықтарға талдау жүргізу.

Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ақпараттық жүйені енгізу.

Цифрлық және тәуекелге бағдарланған мониторингті қамтамасыз ету үшін нормативтік база қамтамасыз етіледі, оның ішінде:

трансшекаралық өзара іс-қимылда санитариялық бақылау шараларының құқықтық үйлесімділігі мен өзара танылуын қамтамасыз ету мақсатында ДДҰ-ның, ECDC-тің және басқа да беделді ұйымдардың ұсынымдарымен үйлестіру;

жаңа және үдеп бара жатқан санитариялық-эпидемиологиялық тәуекелдерді – дәрілік заттар мен биологиялық белсенді қоспалардың, электрондық және уытты қалдықтары, нано- және биоматериалдары бар технологиялардың электрондық саудасын қамту.

Қазақстан Республикасында микробқа қарсы препараттарға тұрақтылықты тежеу жөніндегі жол картасын іске асыру мақсатында эпидемиологиялық ақпаратты жинау және бактерия өсірінділерінің антибиотиктерге сезімталдығын тестілеу нәтижелері арқылы эпидемиологиялық шолып қадағалауды енгізу жалғасады.

Басым бағыттар бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау және енгізу: ұйымдасқан ұжымдардағы (мектептер, балабақшалар, егде адамдарға арналған мекемелер) гигиена; қоршаған орта мен ауызсу сапасының жай-күйін бағалау; қоршаған орта факторларының балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына әсері; радиациялық қауіпсіздік және иондаушы сәулелену әсерінің профилактикасы; БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (Food and Agriculture Organization) ұсынымдарына сәйкес тамақ өнімдеріндегі пестицидтердің балаларда аутизмнің дамуына әсері.

Техникалық регламенттердің көрсеткіштері санының ұлғаюы ЕАЭО техникалық регламенттері талаптарының сақталуына бақылауды кеңейтуді қамтамасыз етеді.

*Эпидемиялар, төтенше жағдайлар мен климаттың өзгеруі жағдайында медициналық көмектің үздіксіз болуын және халық денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін орнықты ден қою архитектурасын құру*

Денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайлар мен пандемияларға дайындық пен орнықтылық деңгейін арттыру мақсатында:

дайындықты бағалауды және ведомствоаралық симуляциялық оқу-жаттығуларды тұрақты өткізу, кейіннен іс-қимылдарды талдау мен дайындықтың сценарийлік

жоспарларын, орнықтылықты арттыру жоспарларын, ден қою жоспарларын және қалпына келтіру жоспарларын өзектілендіру;

қайталанатын тәуекелдерді төмендету тетіктерін іске асыру;

тәуекел-коммуникациялар мәселелері бойынша тиімді жүйе құру;

төтенше жағдайларды (бұдан әрі – ТЖ) жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын " Біртұтас денсаулық" қағидаты бойынша сектораралық өзара іс-қимылды және жауапкершілік аймақтарын бөлуді енгізе отырып кеңейту, оның ішінде ТЖ кезінде ветеринария, ауыл шаруашылығы, экология және денсаулық мәселелеріне қатысы бар өзге де секторлармен өзара іс-қимыл жасау.

Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайларға дайындық және ден қоюды қамтамасыз ету жөніндегі 2026 – 2029 жылдарға арналған жоспарды әзірлеу және бекіту.

Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайларға дайындық және ден қоюды қамтамасыз ету жөніндегі 2026 – 2029 жылдарға арналған облыстық жоспарларды әзірлеу және бекіту.

Оның ішінде мынадай мәселелер пысықталатын болады:

ТЖ кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету және халықтың қазіргі қажеттіліктерін, оның ішінде ерекше және кезек күттірмейтін медициналық қажеттіліктері бар халық топтарын үздіксіз қамтамасыз ету үшін ДЗ мен ММБ резервтерін нормалау стандарттарын, репродуктивтік денсаулықты сақтау бойынша бастапқы көрсетілетін қызметтердің ең төменгі кешенін ескере отырып жетілдіру;

ТЖ салдарынан зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету үшін зақымдану аймағындағы медициналық және қосалқы персоналды жұмылдырудың икемді тәртібін бекіту;

ахуалдық орталықтар мен кадрлық құрамның дайындық деңгейін далалық жағдайда тренингтер мен оқу-жаттығулар өткізу, ерте құлақтандырудың, мониторингтеудің және ден қоюдың цифрлық шешімдерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру арқылы арттыру.

Биологиялық қауіпсіздік пен биологиялық қорғануды қамтамасыз ету мақсатында:

патогендерді қауіпсіз сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату стандарттарын жетілдіру;

биологиялық материалдармен жұмыс істеуді бақылауды күшейту және персоналды даярлау;

халықаралық серіктестермен трансшекаралық ақпарат алмасу арналарын қолдау бойынша жұмыс жалғасады.

**6-бағыт. Дербестендірілген және жоғары технологиялық медицинаны дамыту**

дербестендірілген және жоғары технологиялық медицинаның цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыру;

пациенттердің цифрлық қатысушылығын және өзіндік менеджментін арттыру;

медициналық көмектің дәлдігін, тиімділігін және қауіпсіздігін арттыру мақсатында ЖИ мен предиктивті талдауды қолдануды кеңейту;

*Дербестендірілген және жоғары технологиялық медицинаның цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыру*

Цифрлық медициналық деректерді пайдалануға негізделген дербестендірілген медицинаны онкологиялық, кардиологиялық және сирек кездесетін ауруларға жеке бейімділікті анықтау үшін генетикалық тестілеуді қолдануды кеңейту, жанама әсерлердің ең төмен тәуекелдері бар терапияны таңдау; геномдық медицинаны одан әрі дамыту үшін ұлттық геномдық деректер банкіні қалыптастыру мәселесін пысықтау; емдеудің тиімділігін модельдеуге және тестілеуге мүмкіндік беретін пациенттің цифрлық сыңары функционалын кезең-кезеңімен іске асыру арқылы енгізу.

Роботтандырылған ассистенттелген хирургияны дамыту және медициналық практикада робототехниканы қолдану.

Жаңа цифрлық технологиялармен үйлесімді болу, деректердің сәйкес болуы, денсаулықтың генетикалық және цифрлық аспектілерін есепке алу үшін Аурулардың халықаралық жіктемесінің 11-ші қайта қаралымына (бұдан әрі – АХЖ-11) көшу.

ДДҰ ұсынымдарына сәйкес нақты АХЖ-11 кодын және өлімге алып келген барлық факторларды көрсете отырып, өлім себептерін статистикалық есепке алуға көшу.

*Медициналық көмектің дәлдігін, тиімділігін және қауіпсіздігін арттыру мақсатында ЖИ мен предиктивті талдауды қолдануды кеңейту*

Мониторинг пен талдаудың цифрлық экожүйесін дамыту мына жүйелерді әзірлеуге, енгізуге және олармен қамтуды кеңейтуге бағдарланатын болады:

клиникалық хаттамалар ұсынымдарынан ауытқуларды автоматты түрде анықтауға арналған цифрлық аудит және бақылау;

қорғалған өзгермейтін тізілімде көмек көрсетудің барлық кезеңі бойында медициналық қателіктер мен оқыс оқиғаларды тіркеу (блокчейн технологиясы);

клиникалық нәтижелер көрсеткіштерінің сапасын және пациенттердің қанағаттанушылығын болжаудың предиктивті талдамасы;

күту уақыты, асқыну жиілігі, қанағаттанушылық және басқа да параметрлер бойынша медициналық ұйымдарды автоматты түрде саралау;

басқарушылық шешімдерді барлық деңгейде қолдау үшін орталықтандырылған есептілікті жасау.

Клиникалық шешімдерді, оның ішінде клиникалық кеңес беру жүйелерін (ЖИ-ассистент) және МАЖ-ға кіріктірілген тәуекел индикаторларын қолдауға бағытталған, МАЖ-ға арналған орталықтандырылған сервистер арқылы сапаның интеграцияланған құралдарын енгізу, электрондық медициналық жазбаларды электрондық аудит және бақылау жүйесімен интеграциялау; қорытындылардың дәлдігін тексеру үшін медициналық бейнелер мен зертханалық-аспаптық деректер нәтижелерін қайта интеграциялау үшін ЖИ қолдану (екінші оқылым);

цифрландырылған клиникалық хаттамаларды МАЖ-ға интеграциялау; ЖИ-ге негізделген құралдарды қоса алғанда, цифрлық технологиялар мен шешімдердің қауіпсіздігін, клиникалық және экономикалық тиімділігін бағалау және қамтамасыз ету тетіктерін іске асыру.

*Пациенттің цифрлық қатысушылығын және өзіндік менеджментін арттыру*

eGov платформасындағы eDensaulыq модулінің, МАЖ мобильдік қосымшаларының функционалын кеңейту арқылы халықтың нақты нозологияларға бейімделген өз зерттеулерінің нәтижелеріне, тағайындауларына ыңғайлы қолжетімділігін қамтамасыз ету және шешімдер қабылдауға (өзіндік менеджмент) қатысуы.

Созылмалы аурулардың өзіндік менеджментіне арналған портативті медициналық құрылғыларды және қосымшаларды қамтитын медициналық ақпараттық жүйелердің үйлесімділігін дамыту мәселесін пысықтау.

**7-бағыт. Фармацевтика және медицина өнеркәсібінің технологиялық дамуы, дәрі-дәрмекпен орнықты қамтамасыз ету**

Қазақстанның фармацевтика және медицина өнеркәсібінің әлеуетін арттыру, өндірісті жергілікті орналастыруды ынталандыру, біртұтас фармацевтикалық саясатты әзірлеу;

денсаулық сақтау саласында ресурстарды үнемдейтін технологияларды дамыту және енгізу;

дәрілік қамтамасыз етуді жетілдіру және дәрілік заттарды ұтымды пайдалану.

*Қазақстанның фармацевтика және медицина өнеркәсібінің әлеуетін арттыру, өндірісті жергілікті орналастыруды ынталандыру*

Қазақстандық өндірушілердің өнімі үлесінің орнықты өсуі үшін:

Астана, Ақтөбе және Шымкент қалаларындағы фармацевтика және медицина өнеркәсібінің өңірлік кластерлерінің қызметін жетілдіру;

өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін зерттеулер жүргізу және кадрларды даярлау мақсатында денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдармен өзара іс-қимылды күшейту;

қазақстандық өндірушілер шығаратын, оның ішінде жүрек-тамыр, онкологиялық, аутоиммундық және диабет ауруларын емдеуге арналған инновациялық фармацевтикалық өнімдер тізбесін кеңейту;

фармацевтика өнеркәсібіне, оның ішінде қазақстандық өндірушілер өнімдері үлесінің орнықты өсуі үшін инвестициялар және инвестициялық келісімшарттар туралы келісімдер тетіктерін пайдалана отырып, инвестициялар тарту арқылы жағдайлар жасау.

Технологиялар трансфертін және өндірісті жергілікті орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында Big Pharma – Top 50 әлемдік жетекші фармацевтикалық өндірушілермен әріптестікті дамыту.

*Денсаулық сақтау саласында ресурстарды үнемдейтін технологияларды дамыту және енгізу*

Бағалау әдіснамасы мен рәсімдерін, оның ішінде есеп сапасына қойылатын талаптарды, әдіснамалық талаптарды және нәтижелерді валидациялауды жетілдіру есебінен денсаулық сақтау технологияларын бағалау әлеуетін арттыру.

Денсаулық сақтау ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында әдіснамада "денсаулықпен байланысты өмір сапасына түзетілген өмір сүру жылы" (бұдан әрі – QALY) көрсеткішін инвестицияның бір бірлігіне есептеуді енгізу мәселесі қарастырылады. Бұл құрал нақты бағдарламалар мен жобаларды іске асыру кезінде халықтың өмір сүру ұзақтығы мен сапасының күтілетін өсуін бағалауға, салымдардың баламалы бағыттарын салыстырып тексеруге және олардың әлеуметтік және медициналық құндылығын объективті бағалау негізінде қаржыландырудың басымдығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тиімділік әлеуеті жоғары технологияларға басымдықпен қарау.

*Дәрілік қамтамасыз етуді жетілдіру және дәрілік заттарды ұтымды пайдалану*

Дәрілік қамтамасыз ету:

жеке тағайындаулар мен пациенттердің нақты қажеттілігі негізінде дербестендірілген қажеттілік бойынша АДҚ жоспарлауды жетілдіру;

тұтыну, қалдықтар, логистика және жарамдылық мерзімдері бойынша ақпараттық ағындарды жедел талдау, қайта бөлу және жоспарлауды жетілдіру үшін біріктіру;

клиникалық фармакология бөлімшелерінің қатысуымен экономикалық орындылығын ескере отырып, дәрілік заттарды орталықтандырылған босату мен қолданылуын бақылау практикасын кеңейту;

бірыңғай дистрибьютордың өндірушілермен тікелей келісімшарттар жасасу практикасын кеңейту жолымен дәрілік заттарды тиімді, қауіпсіз және ұтымды пайдалануға бағдарланатын болады.

**8-бағыт. Орнықты және тиімді денсаулық сақтаудың негізі ретінде кадрлық қамтамасыз ету жүйесін трансформациялау және ғылымды дамыту**

денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарын басқарудың бірыңғай цифрлық жүйесін құру;

үздіксіз кәсіби даму жүйесін нығайту және денсаулық сақтау қызметкерлерінің мәртебесін арттыру, ынталандыру, оларды ұстап қалу және құқықтық қорғау;

орнықты денсаулық сақтау жүйесінің негізгі ресурсы ретінде мейіргердің әлеуетін дамыту;

медициналық білім беруді жаңғырту;

ғылыми әлеуетті дамыту және биомедициналық зерттеулерді қолдау.

*Денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарын басқарудың бірыңғай цифрлық жүйесін құру*

Денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстарын есепке алудың ұлттық жүйесі түрленетін болады, ол білім беру ұйымына (колледж, ЖЖОКБҰ) түскен кезден бастап еңбек қызметі аяқталғанға дейін өңірлер, ұйымдар және мамандықтар бөлінісінде дербестендірілген денсаулық сақтау жұмыскерлерінің тіркелімін; құзыреттерді, оқыту нәтижелерін және жетістіктерін көрсете отырып, ашық кадрлық есепке алу үшін біліктілікті блокчейн-тексеруді және жеке кәсіптік рейтингтің көрсеткіштерін қамтитын дерекқорды; кадрлық ресурстармен қамтамасыз етілуді болжауға арналған мониторинг функционалын қамтиды.

Денсаулық сақтаудың кадр ресурстарын жоспарлау және болжау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілетін болады.

*Денсаулық сақтау қызметкерлерін үздіксіз кәсіптік дамыту және мәртебесін арттыру, оларды ынталандыру, ұстап қалу және құқықтық қорғау*

Болашақ мамандық пен жұмыс орнын таңдау мақсатында әрбір студентпен жұмыс істеу үшін ЖЖОКБҰ жанынан мансаптық өсу орталықтарын құру; медицина ұйымдарында бейімделу және тәлімгерлік орталықтарын құру арқылы кәсіптік дамудың, мансаптық өсудің тұрақты жағдайларын жетілдіру; ЖЖОКБҰ-лар, колледждер, ғылыми және медициналық ұйымдар арасындағы орнықты әріптестікті дамытуға негізделген денсаулық сақтау мамандарын дамытудың практикаға бағдарланған үздіксіз заманауи жүйесін қалыптастыру, симуляциялық технологияларды пайдалануды кеңейту, сондай-ақ білім беру бағдарламаларына медициналық оқыс оқиғаларды, сақтандыру жағдайларын және жүйелі қателерді талдауды интеграциялау; ел ішінде және шетелде тағылымдамадан өту, ағылшын тілін білу және ғылыми жарияланымдармен жұмыс істеу деңгейін арттыру; кәсіптік даму және денсаулық сақтау ұйымдарында мамандарды ілгерілету жалғасатын болады.

Медицина кадрларының тұрақтамауын орнықты қысқарту үшін ауылдық жерлердегі бастапқы буын және педиатриялық бейіндегі мамандарға қосымша ақы төлеу жүйесін дамыту; өңірлерді дамыту жоспарларында ауылдық жерлерге жұмысқа орналасқан медицина қызметкерлерін ынталандыру бойынша көрсеткіштерді әзірлеу және мониторингтеу, оның ішінде тұрғын үймен қамтамасыз ету; үздік ауыл дәрігерлерінің жеке кәсіби дамуын қолдау үшін (тағылымдамалар, халықаралық конференциялар) гранттар бөлу шараларын пысықтау көзделеді.

Халықаралық тәжірибе негізінде дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерін лицензиялауға кезең-кезеңімен көшу мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Медициналық ұйымдарда зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша бағдарламаларды әзірлеу және енгізу: медицина персоналының дағдарысты жағдайларда жанжалдарды деэскаляциялау және қауіпсіз мінез-құлық әдістеріне оқыту жоспарлануда.

Денсаулық сақтауда кәсіптік өзін-өзі реттеудің орнықты жүйесін қалыптастыру үшін медициналық қауымдастықтар мен қоғамдық бірлестіктердің ролін біртіндеп

кеңейту болжануда. Кәсіптік медициналық қауымдастықтарды дамыту жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу және кейіннен оны кең ауқымда қолдану жоспарлануда.

*Орнықты денсаулық сақтау жүйесінің негізгі ресурсы ретінде мейіргер әлеуетін дамыту*

Кеңейтілген мейіргерлік практиканың жаңа моделін институттандыруды жұмысты ұйымдастырудың тиімді модельдерін тарату, дағдыларды дамыту, тәлімгерлік және білім алмасу бөлігінде жұмыс істеп тұрған ұйымдар базасында үздік мейіргерлік практикалар орталықтарын дамыту арқылы аяқтау.

Мейіргерлік күтім ауруханаларын (бөлімшелерін), хоспистерді медициналық колледждердің клиникалық базалары етіп беру мәселесі қарастырылады.

*Медициналық білім беруді жаңғырту*

Болашақтағы денсаулық сақтау мамандарын даярлауға бағдарды ескере отырып, халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын одан әрі жаңғырту:

Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамту үшін құзыреттер мен нәтижелердің жаһандық құрылымы шеңберінде ДДҰ ұсынымдарымен үйлестіруді;

денсаулық сақтау жүйесінің заманауи қажеттіліктеріне және кәсіптік стандарттарға сәйкес келетін құзыреттерді дамытуға баса назар аудара отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарауды;

медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалармен байланысын күшейту, өңірлік медициналық ұйымдарды тарту есебінен клиникалық базалар тізбесін кеңейту, симуляциялық оқыту технологияларын дамыту арқылы клиникалық тұрғыдан ой-өрісін дамытуға ықпал ететін білім беру процесінің практикалық құрамдас бөлігін кеңейтуді;

білім алушылардың жеке қажеттіліктерін, кәсіптік стандарттарды және денсаулық сақтау жүйесінің басымдықтарын ескере отырып, медициналық білім берудегі білім беру траекторияларының икемділігін қамтамасыз етуді;

медициналық білім берудің барлық деңгейлерін медициналық көмектің сапасы мен тиімділігіне, пациенттердің қауіпсіздігіне және адамға бағдарланған тәсілге, соның ішінде білім беру бағдарламаларына медициналық оқыс оқиғаларды, сақтандыру жағдайларын және жүйелі қателіктерді интеграциялау арқылы бағдарлауды;

телемедицинаны, қашықтан қызмет көрсетуді, жасанды интеллект пен көлемді деректерді талдауды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласының мамандарын, әсіресе ауылдық елді мекендерде цифрландыру мәселелері бойынша даярлауды күшейтуді;

трансляциялық медицина, биотехнологиялар, цифрлық денсаулық сақтау, клиникалық зерттеулер, фармацевтикалық инженерия мен фармацевтикалық логистика, нақты деректер мен инновацияларды басқару негізінде денсаулық сақтау салаларында,

соның ішінде медицина және фармацевтика өнеркәсібі, биотехнологиялық және цифрлық салалардағы жетекші компаниялармен бірлесіп мамандарды даярлаудың жаңа бағыттарын құруды қоса алғанда, жүзеге асырылатын болады.

Медициналық білім беру жүйесін дамыту халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, цифрландыруға, ашықтық пен бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, сондай-ақ білім беруді, ғылым мен практиканы интеграциялауға, оның ішінде:

Қазақстандағы жетекші шетелдік университеттермен бірлескен бағдарламаларды іске асыруға және қазақстандық бағдарламаларды шетелге экспорттауға бағытталған жаһандық білім беру кеңістігіне интеграциялау;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау рәсімдерін бірыңғай бағалау өлшемшарттарын енгізу, құжаттарды тапсыру мен тексеру процестерін цифрландыру арқылы жетілдіру;

білім берудің, ғылымның және клиникалық практиканың үштұғырлығы аясында интеграцияланған академиялық медициналық орталықтарды құру және дамыту мәселесін пысықтау арқылы бағытталатын болады.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қаржыландырудың жаңа моделін кезең-кезеңімен енгізу мәселесін, оның ішінде тиісті білім беру ұйымында жолға қойылған оқу процесінің сапасын ескере отырып, білім беру гранттарының мөлшерін саралауды және оларды бөлуді енгізу арқылы қарау.

*Ғылыми әлеуетті дамыту және биомедициналық зерттеулерді қолдау*

Биомедициналық зерттеулерді дамыту тәсілдерін жетілдіру:

биомедициналық зерттеулерді нормативтік құқықтық реттеудің үздік халықаралық тәсілдерін іске асыру;

биомедициналық зерттеулер бойынша зерттеулер тіркелімдерін, зерттеу орталықтарын (клиникалық базаларды), зерттеушілерді, волонтерлерді және басқа да деректерді қамтитын ұлттық ғылыми ақпараттық жүйені ілгерілету;

биологиялық материалдарды сақтау және биомедицина саласындағы зерттеулерді жүргізуді қолдау үшін бірыңғай республикалық биобанк құру мәселелерін пысықтау;

биомедициналық зерттеулерді қаржыландыру көлемін, оның ішінде ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды ұлғайту мәселесін пысықтау, денсаулық сақтау саласындағы отандық журналдарды дамыту және ілгерілету үшін жағдай жасау;

халықаралық ғылыми ынтымақтастықты, оның ішінде жаһандық консорциумдарға, екіжақты және көпжақты гранттарға, алмасу бағдарламаларына қатысуды қолдау арқылы дамыту;

технологиялар трансферті жүйесін, зияткерлік меншікті қорғау мен коммерцияландырудың институционалды тетіктерін дамыту, медициналық білім беру және ғылым ұйымдарында трансферт офистерін құру;

биомедициналық және клиникалық зерттеулерді жоспарлау, мониторингтеу, визуализациялау және олар бойынша есептілікті жүргізу үшін цифрлық платформаларды дамыту.

Ішкі гранттарды іске асыруды, орнықты ғылыми траекториялар қалыптастыруды, PhD және постдокторантура бағдарламаларын, мансаптық консультация беру мен тәлімгерлікті дамытуды, жарияланымдық белсенділікті ынталандыруды, ғылыми іс-шаралар жүргізуді қоса алғанда, медициналық білім беру және ғылым ұйымдарының жас ғалымдарына (35 жасқа дейін) меншікті және бюджеттен тыс қаражат есебінен қолдау көрсету.

Денсаулық сақтаудағы ғылыми негізделген мемлекеттік басқарудың орнықты экожүйесін дәлелдерге негізделген мемлекеттік саясат (Evidence-Informed Policy Making) тетіктерін институттандыру және "ғылым – саясат" тоғысындағы кадрлық әлеуетті дамыту арқылы қалыптастыру.

**9-бағыт. Денсаулық сақтауды орнықты қаржыландырудың прогрессивті моделі,** ол мыналарды қамтиды:

халықты денсаулық сақтау қызметтеріне жұмсалатын аса көп шығыстардан қаржылық қорғау;

бюджеттеу мен салық салудың жаңа тәсілдері жағдайында орнықты қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың, ақы төлеудің және тарифтік саясаттың тетіктерін жаңғырту;

денсаулық сақтау ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін және оларды тиімді басқаруды дамыту.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызмет көрсету көлемдерін және (немесе) қаражат көлемдерін орналастыру бөлігінде денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру тетіктерін өзгерту.

Тұруға ықтиярхаты бар адамдардың қымбат тұратын ем алу мақсатында МӘМС жүйесіне бір реттік кіруін шектеу үшін тұрақты емес дербес өнім берушілердің МӘМС-ке алдын ала 12 айға жарналар төлеу мүмкіндігін алып тастау.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету үшін 5 жылдық тұрақты жарналар төлеу мерзімі (немесе біржолғы жарна бойынша баламасы) бойынша норманы белгілеу.

Медициналық ұйымдарда ішкі бақылауды қамтитын көпдеңгейлі аудитті күшейту, жасанды интеллект құралдарын енгізе отырып, эксаумақтылық қағидаты бойынша ӘлМСҚ тарапынан мониторингті жүргізу.

Ерікті медициналық сақтандырудың рөлін заңнамада айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеу: жекелеген топтар үшін ТМККК-ден және МӘМС-тен асыра денсаулық сақтау қызметтерімен қамтуды кеңейтуге ықпал ете отырып, Қазақстанда ерікті медициналық сақтандыру қосалқы рөлді атқарады.

Кепілдіктерді қалыптастыру шеңберінде медициналық технологияларды бағалау тетіктерін жетілдіру.

Медициналық ұйымдардағы ішкі бақылауды, эксаумақтылық және РБЖ қағидаты бойынша МӘМС тарапынан мониторингтеуді қамтитын көп деңгейлі аудитті күшейту жалғастырылады.

*Бюджеттеу мен салық салудың жаңа тәсілдері жағдайында орнықты қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың, ақы төлеудің және тарифтік саясаттың тетіктерін жаңғырту*

Демографиялық болжам негізінде ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді жоспарлаудың әдіснамалық негізін жетілдіру.

Халықтың МӘМС жүйесіне тартылуын және сенім деңгейін:

МӘМС-те сақтандырылған адамдардың құқықтары мен кепілдіктері туралы ақпараттық науқандар өткізу;

ӘЛМСҚ-ның кері байланыс және жедел желі құралдарын құру және ілгерілету;  
коммуникацияны профилактика бағдарламаларымен (вакцина алу, скрининг, СӨС) интеграциялау;

мобильді топтар, телемедицина және жергілікті БАҚ арқылы шалғай өңірлердегі жұмысты күшейту;

пациенттердің, медицина қызметкерлерінің, ҮЕҰ мен мемлекеттік органдардың қатысуымен диалог алаңдарын қалыптастыру арқылы арттыру.

Медициналық ұйымдардың іс жүзінде шығындарын, макроэкономикалық көрсеткіштерді, өңірлік ерекшеліктерді және аурулардың басымдылығын ескере отырып, медициналық көрсетілетін қызметтер тарифтерін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу.

*Денсаулық сақтау ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін және оларды тиімді басқаруды дамыту*

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде міндетті дербестендірілген есепке алу және шығыстар бойынша ақпаратқа қолжетімділікті ұсыну бойынша медициналық көмек көрсетушілерге қойылатын талаптарды әзірлеу.

Ұйымдарды трансформациялауға (жалпыға бірдей сапаны басқару, үнемді өндіріс тәсілдері) баса назар аудара отырып, басқарушылық тәсілдерді жетілдіру:

денсаулық сақтау ұйымдары даму құжаттарының пайымы мен құрамына тиімді басқарушылық тәсілдерді енгізу арқылы ұйымдық бейілділікті қалыптастыру;

заманауи басқарушылық тәсілдерді енгізу жобаларын, оның ішінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғырту шеңберінде қолдау;

сенім мен танымалдылықты арттыру мақсатында брендпен қатар орналастырылатын айырым таңбаланымын бере отырып, жалпыға бірдей сапа менеджменті мәдениетін және үнемді өндіріс тәсілдерін енгізген ұйымдарды тану өлшемшарттары мен тетіктерін қалыптастыру.

Денсаулық сақтау ұйымдарындағы корпоративтік басқаруды, оның ішінде басқару органының бенефициарлар алдындағы жауапкершілігін күшейту арқылы жетілдіру.

### Денсаулық сақтау жүйесін кешенді бағалау

Қорытынды кешенді бағалау (Public Health System Assessment) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2022 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асырудың соңғы жылында қол жеткізілген нәтижелерді айқындау және денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытуды жоспарлау, оның ішінде:

басқару, кадрлық әлеует, қаржыландыру, медициналық қызметтер көрсету, цифрлық технологиялар, халықтың қатысуы, деректер блоктары бойынша бағалау әдіснамасын айқындау;

бағалау нәтижелері негізінде әрбір блок үшін жақсартудың нысаналы жоспарларын әзірлеу;

бағалау нәтижелерін стратегиялық жоспарлауға интеграциялау мақсатында жүргізіледі.

### 6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

#### Күтілетін нәтижелер

2029 жылы:

- 1) халықтың туған кездегі күтілетін өмір сүру ұзақтығын 77 жасқа дейін ұлғайту;
- 2) жүрек-қантамыр ауруларынан, обирдан, диабеттен, созылмалы респираторлық аурулардан болатын 30-70 жас аралығындағы адамдардың мезгілсіз өлімін төмендету жоспарлануда.

#### Нысаналы индикаторлар

Р/с №	Атауы	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1-бағыт. Денсаулық мәдениетін қалыптастырудың бірыңғай интеграцияланған жүйесіне көшу									
1.	1 5 жастан асқан адамдар дың темекі бұйымда ры н тұтынуы ның жас бойынша стандартт				19,0	-	-		19,5

	алған таралуы, %								-	
2.	Жан басына шаққанда алкогольді тұтыну (15 жастан бастап және одан жоғары), күнгізбелік бір жылда таза спирт литрімен (таза алкоголь литрімен)					-	-	-	-	4,5
3.	Саламатты өмір салтын ұстанатын Қазақстан азаматтарының үлесін арттыру, %	31,4	34,2	31,0	32,0	33,0	35,0	36,0	37,0	
4.	Ересек халық арасында тұзды орташа тәуліктік тұтыну, тәулігіне грамм					=	=	=	15,0	
5.	Балалар (0-14 жас) арасындағы семіздікке шалдығуды ұстап тұру, 100	44,6	42,1	43,7	37,8	37,8	37,8		37,8	

	мың тұрғынға шаққанда							37,8	
2-бағыт. Жаңа буындағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек									
6.	Профила ктикалық қарап-тек серу бойынша медицина лық-сани тариялық алғашқы көмекке бару үлесін ұлғайту, %					27	29	31	33
7.	Жылжым а л ы медицина л ы қ кешендер көрсететі н қызметте рмен қамтылға н халық саны, млн	1,7	1,7	1,7	2,0				
8.	0 – I сатылард а анықталғ а н қатерлі ісіктердің үлес салмағын ұлғайту, %					33,8	35,0	35,1	35,2
9.	Жатыр мойны обырына қарсы скрининг тік қарап-тек серуге жататын халықты қамтуды					80,0	83,0		90,0

	ұлғайту, %						87,0	
10.	Сүт безі обырына қарсы скрининг тік қарап-тек серуге жататын халықты қамтуды ұлғайту, %				70,0	77,0	84,0	90,0
11.	Колорект алды обырға қарсы скрининг тік қарап- тексеруге жататын халықты қамтуды ұлғайту, %				70,0	77,0	84,0	90,0
12.	Скринингтің 2- кезеңі ретінде скрининг тік колоноскопияның үлес салмағын ұлғайту, %				60,0	67,0	74,0	80,0
13.	Анықтал ған қант диабеті бар пациентт ердің жалпы санынан анықталғ ан қант диабеті бойынша динамика лық байқауға				90	92		95

	алынған пациенттердің үлесі, %						93	
14.	Динамикалық байқауға жататын, созылмалы аурулары бар адамдардың динамикалық байқаумен қамту, %				30	35	40	45
15.	Ауруларды басқару бағдарламасының нозологиялары бойынша динамикалық байқауда тұрған адамдардың ауруларды басқару бағдарламасымен қамту, %				8	12	17	20
16.	Созылмалы аурулары бар пациенттердің динамикалық байқау бойынша қабылдаулардың жалпы санынан				3	7		20



18.	Созылма л ы аурулард ы ң асқынуы бойынша 4 - санаттағ ы шұғыл шақырту лардың жалпы санынан жедел медицина л ы қ жәрдемні ң 4 - санаттағ ы шақырту ларының үлесі, %					70	60	50	40
-----	--	--	--	--	--	----	----	----	----

3-бағыт. Адамға бағдарланған және қолжетімді медициналық көмек

